



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz



ДОСТЫҚТАН БАСТАЛҒАН ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Душанбе қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесіне қатысып, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы басқосуда ТМД рөліне, сауда-экономикалық қатынастардың маңыздылығына және өзге де бірқатар мәселеге назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытып, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған тәжік тарапы мен Президент Эмомали Рахмонға алғыс айтты.

— Тәжікстанның табысты төрағалығы ұйымның әлеуетін нығайтуға, көпжоспарлы ынтымақтастығымызды тереңдетуге үлкен үлес қосты. Бұл саммит Қазақстанда халықаралық беделді ұйым саналатын ТМД жұмысына үлкен серпін береді, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аталып өтіп жатқанын еске салды.

— Барлық мемлекеттің дамуына жол ашатын жалпыадамзаттық құндылықтарды ауыр жағдайда қорғаған әкелеріміз бен аналарымыздың, жеңімпаз ұрпақтың өшпес ерлігін қазақстандықтар қастер тұтады. ТМД аумағында, соның ішінде Қазақстанда айтулы мерейтой лайықты деңгейде аталып өтті. Мерекелік іс-шаралардың шырқау шегі Мәскеу мен Бейжіңде өткен ауқымды әрі мазмұнды салтанатты шерулер болды. Адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстың қаһармандары мен барша қатысушысын жадымызда

мәңгі сақтау — моральдық парызымыз. Фашизмді жермен-жексен еткен Ұлы Жеңіске 80 жыл толса да, өкінішке қарай, әлем салдары ауыр тиетін жаһандық қақтығыс қаупімен тағы да бетпе-бет келіп отыр. Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи шындығын бұрмалауға, фашизмді тойтарған Ұлы Жеңістің тарихи маңызын төмендетуге қатысты әрекеттерге қарсы. Халықаралық құқықтың іргесі сөгіле бастағанын, қақтығысқан мемлекеттер арасындағы сенім деңгейі әбден төмендегенін, көзқарастар қайшылығы күшейе түскенін, көпжақты дипломатияның дағдарысқа ұшырағанын, БҰҰ бітімгерлік әлеуеті әлсірегенін алаңдаушылықпен қабылдаймыз. Осындай геосаяси дүрбелеңдер жағдайында барлық қақтығыс факторын жою үшін ТМД елдері мен барша жақтастарымыздың күш біріктіруі өте өзекті. Мұны өзара түсіністік пен жан-жақты ойластырылған іс-қимыл арқылы шешуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ ТЫҢ СЕРПІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Душанбеге сапары барысында Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті.



— 12 қараша күні Сіздің шақыруыңызбен Ресейге сапармен барамын. Біз бұған ерекше мән беріп отырмыз. Бұл сапар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарға тың серпін береді деп ойлаймын. Қазақстан мен Ресейді шын мәнінде мәңгі одақтастық, стратегиялық серіктестік және достық қарым-қатынастар байланыстырады. Көрсеткіштерге көңіл толады. Менің Ресейге жасайтын сапарымның алдында өзара сауда көлемі жоғары деңгейге жетті. Былтыр оның көлемі 28 миллиард долларды құрады. Ресей біздің экономикаға қаржы құйып отырған негізгі инвесторлардың бірі. Осы жылдар ішінде Ресей бизнесі Қазақстанға 26 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Өткен жылдың өзінде елімізге 4 миллиард доллар инвестиция келді. Бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Жалпы құны 22 миллиард долларға жуық 114 жобаның іске асырылғанын мысалға алсақ та жеткілікті. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасады, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Владимир Путин екі ел қарым-қатынасын жоғары бағалайтынын жеткізді.

— Біз Қазақстанмен қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. Екі ел арасындағы байланыстардың сипаты ерекше. Бұған Сіз бен біздің достығымыз ғана ықпал етіп отырған жоқ. Өйткені Қазақстан мен Ресей посткеңестік кеністіктегі интеграциялық үдерістерге бастамашы болып келе жатқаны белгілі. Бізде тұрақты түрде назар аударатын екіжақты мәселелер жеткілікті. Өз тарапымынан Қазақстан-Ресей байланыстарын дамытуға қосқан үлесіңіз үшін Сізге алғыс айтамын. Екіжақты форматтағы осындай кездесулеріміз ынтымақтастығымызды дамыту үшін пайдалы болатынына сенімдімін, — деді Ресей Президенті.

АЙМАҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АРТУЫНА АЛҒЫШАРТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен екінші «Орталық Азия – Ресей» саммитіне қатысты. Алдымен жиынды жоғары деңгейде ұйымдастырған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға алғыс айтқан Қазақстан басшысы Орталық Азия және Ресей арасында шынайы достық пен ынтымақтастыққа назар аударды. Сондай-ақ стратегиялық серіктестікті нығайтуға үлкен үлес қосқаны үшін Ресей Президенті Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

— Орталық Азия — қарқынды дамып келе жатқан әлеуеті мол аймақ. Оның жаһандық үдерістердегі қазіргі және келешектегі рөлі зор. Мұны әлем мемлекеттері мойындап отыр. Бүгінгідей келіссөздерге қызығушылықтың артуы осының дәлелі. Тарихи, саяси, экономикалық, гуманитарлық факторлар тұрғысынан алғанда, Қазақстан үшін Ресейдің орны айрықша. Бір ғана деректі айталық: елдеріміздің арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр, яғни 7591 шақырым. Бұрын-соңды болмаған геосаяси дүрбелеңге, әлем экономи-

касының тұрақсыздығына қарамастан, Ресей Қазақстанның стратегиялық серіктесі әрі одақтасы саналады. Орталық Азия өңіріндегі ахуал кейінгі жылдары саяси ынтымақтастық, экономикалық ықпалдастық, мәдени және рухани бірлікке қарай бет алғаны қуантады. Бұл оң үрдіс енді кері сипат алмайды және аймағымыздың Ресей мемлекетінің перспективті әрі беделді серіктесі ретіндегі салмағын үстей түседі, — деді Қазақстан Президенті.

(Жалғасы 3-бетте)



АҚОРДА

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ДОСТЫҚТАН БАСТАЛҒАН
ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

(Басы 1-бетте)

Президенттің пікірінше, ТМД жана тарихи жағдайда мемлекеттер арасындағы сенімді арттырудың халықаралық тетігі ретінде сұранысқа ие құрылым екенін дәлелдеді. Достастықтың 35 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысы елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға және ұйым қызметін ілгерілетуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру негізгі басымдықтардың бірі болып қалуға тиіс екенін айтты.

— Өткен жылдың қорытындысы бойынша ТМД елдері сауда айналымының жалпы көлемі 8 пайыз ұлғайып, 110 миллиард долларға жетті. Сонымен қатар соңғы бес жылда Қазақстанның Достастық мемлекеттерімен алыс-берісі бір жарым есе өсіп, 38 миллиард долларды құрады. Бұл көрсеткіш ұйымның сауда-экономикалық әлеуетін танытады және әлі де мүмкіндіктердің бар екенін байқатады. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсімін қамтамасыз етудің тың мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз. Бұны келесі жылы сәуір айында БҰҰ аясында Астанада өтетін халықаралық форум алаңында ұйымдастыруға болады. Жиын қауіпсіздік пен дамудың қазіргі сын-қатерлерінің себеп-салдарын зерделеуге арналады. Осылайша, ТМД-ның жетекші сарапшылары қазіргі уақыттың қиын проблемаларын шешуге үлес қоса алар еді. 2026 жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органына төрағалық етеді. Еліміздің төрағалығы аясында бірқатар маңызды іс-шара жоспарланған, соның ішінде Еуразиялық экономикалық форум ұйымдастырылмақ. Орайлы сәтті пайдаланып, құрметті әріптестерімді, сондай-ақ ТМД елдері үкіметтерінің мүшелері мен бизнес өкілдерін форум жұмысына белсенді қатысуға шақырамын. Аталған алаңда елдерімізге қатысты ортақ мәселелер қарастырылатынын ескерте отырып, оған ЕАЭО мен ТМД-ның бірлескен іс-шарасы мәртебесін беруді қарастыруды ұсынамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент белсенді жұмыс істейтін көлік дәліздері табысты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кепілі екенін атап өтті. Біздің аймақ Еуропа мен Азияны жалғап, жаһандық көлік-логистика жүйесінде ерекше рөл атқарып келеді.

— «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізі ТМД мемлекеттері үшін Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол



ашады. Ал «Шығыс — Батыс» бастамасы мен Транскаспий бағдары Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасымен ұштасып, ТМД аумағын Еуразиядағы тоғыз жолдың торабына айналдырады. Өніріміздің транзиттік мүмкіндіктерін жақында ғана Қазақстан аумағында іске қосылған «Достық — Мойынты» теміржол желісі күшейте түседі. Ол ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қалыптастырудың негізін қалайды. Бірақ мемлекеттеріміздің көлік саласындағы әлеуетін толық ашу үшін біздің алдымызда заманауи инфрақұрылым қалыптастыру міндеті тұр. Достастықтың бірыңғай цифрлық көлік-логистика картасын әзірлеуді ұсынамын. Бұл ұлттық инфрақұрылымдық жоспарларды біріктіруге және көлік байланыстарының тұтас кеңістігін жасақтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол инвестиция көлемін арттыруға жағдай жасайды. Бүгінде Қазақстан бастамашы болған ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күрежолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасы бойынша жұмыстар аяқталып келеді. Жүк ағынын тиімді басқару, шығындарды төмендету және тәуекелдерді азайту үшін бұл құжатты жасанды интеллект технологияларын енгізуді көздейтін ережелермен толықтыру қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект мемлекеттердің орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторына айналғанына мән берді. Президент еліміз ТМД мемлекеттерімен осы саладағы ынтымақтастыққа ашық екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы жуырда елімізде жасанды интеллект саласына маманданған университет құру жөнінде шешім қабыл-

данғанына тоқталды. Бұдан бөлек, 400 мың студентті қамтып, зерттеушілер командасы мен DeerTech стартаптарының қалыптасуына қолайлы жағдай жасайтын мемлекеттік бағдарлама табысты жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысы экологиялық қауіп, табиғи және техно-

жатқан Каспийдің су ресурстарын сақтау бойынша мемлекетаралық бағдарламаға қосылуды ұсынамыз. Мұндай маңызды құжатты дайындауға Каспий теңізінің жағалауындағы елдермен бірге барлық мүдделі мемлекеттер және халықаралық ұйымдар тартылуға тиіс, — деді Президент.



гендік апаттар ТМД елдерінің орнықты дамуына зор қатер төндіреді деп санайды. Президенттің айтуынша, мұндай жағдайларды ерте бастан анықтаудың және ескертудің тиімді тетіктерін қарастыру маңызды міндет.

— Климаттық және техногендік төтенше жағдайларды болжаудың өңірлік орталығын құру арқылы бірлесе жұмыс істеуді ұсынамыз. Каспий теңізінің тез тартылып бара жатқаны зор алаңдаушылық туғызып отыр. Негізі, бұл — өңірлік қана емес, жаһандық проблема. Сондықтан біздің бастамамызбен әзірленіп

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық қатынастар елдерімізді біріктіретін негізгі фактор екеніне назар аударды. Президент дәстүр мен инновацияны, тарихи мұра мен заманауи технологияны сабақтастыратын креативті индустрияны дамытудың болашағы зор деп есептейді.

— Қазақстан осы саланы дамыту бағытында жұмыс атқарып жатыр. Бүгінде креативті секторымыздағы қосылған құн 2 миллиард доллардан асады. Бұл индустрияда 143 мың адам жұмыс істейді. Креативті индустрия

экономикамызға оң ықпал етуде. Ең маңыздысы, ол мәдени дипломатияның, елдеріміз арасындағы достық пен тату көршілікті нығайтудың тиімді тетігіне айналды. ТМД елдерінің бұл бағыттағы әлеуеті зор. ТМД-ның гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қоры базасында Креативті индустрия қауымдастығын құруды ұсынамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ТМД-ның әлемдік аренадағы абырой-беделін нығайтудың маңызына тоқталды.

— Естеріңізде болса, 2023 жылы Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша ТМД-ның Байқаушылары мен Серіктесі институты бекітілді. Бұл бастаманың алғашқы нәтижелері байқала бастағанын ризашылықпен атап өткім келеді. Бүгін Шанхай ынтымақтастық ұйымына Байқаушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдаймыз. Бұдан бөлек, Мәскеудегі саммитте Қазақстан ұсынған «ТМД плюс» форматында қарым-қатынас орнатуды қолдаймыз. Аталған қадам ТМД-ның халықаралық аренадағы рөлін нығайта түседі, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев кенестің келесі жылы

ұйымға Түрікменстанның төрағалық ету жөніндегі шешіміне қолдау білдірді.

— Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовті осы маңызды әрі құрметті миссияны қолға алуымен құттықтаймын. Мақсатымыз ортақ — Достастықты жасампаздық пен өрлеудің, жаңа идеялар мен мүмкіндіктердің кеңістігіне айналдыру. Бірлескен күш-жігер арқылы ТМД-ны қарқынды, тиімді әрі болашаққа нық қадам басқан халықаралық ұйым ретінде нығайта алатынымызға сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

АҚОРДА

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

АЙМАҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АРТУЫНА АЛҒЫШАРТ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы үш жыл бұрын Астанада өткен алғашқы «Орталық Азия – Ресей» саммиті көпжақты форматтағы ықпалдастықтың жемісті бастауы болғанын атап өтті.

— Бүгінгі кездесу Ресеймен арадағы ұзақмерзімді әрі көпжақты байланыстарға тың серпін беруді көздейді. Көпжоспарлы ынтымақтастық анағұрлым табысты дамуы үшін Орталық Азияның тұрақтылығын нығайту маңызды. Менің ойымша, мұндай серіктестіктің негізгі міндеті — осы, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы тұста Мемлекет басшысы былтыр Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда көлемі 28 миллиард долларға жеткенін айтты. Президент аймақ пен Ресей арасындағы екіжақты және көпжақты ықпалдастықтың бірқатар өзекті бағытына қатысты ойымен бөлісті. Бірінші басымдық ретінде сауда және индустриалды қарым-қатынасты дамытуға тоқталды.

— Алғашқы саммитте экономикалық ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қалыптастыру бағытында жұмыс істеуге келіскен едік. Бүгін қабылданатын Бірлескен іс-қимыл жоспары 50-ден аса шараны қамтиды. Бұл — өте құнды құжат. Сол себепті оны уақтылы іске асыруға барынша күш жұмылдыру қажет. Орталық Азия елдерінің Ресеймен сауда көлемі барлық тауар айналымының үштен бірін құрайды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 20 пайыз өсіп, 50 миллиард доллардан асты. Аталған көлемнің жартысынан көбі Қазақстан мен Ресей арасындағы саудаға тиесілі. Былтыр оның көлемі 28 миллиард долларға жетті. Ресей Қазақстан экономикасына қаржы құйған ірі инвесторлардың қатарына енді. Инвестиция көлемі 26 миллиард доллардан асты. Былтырдың өзінде Ресейден тікелей келетін инвестиция ағыны 33 пайыз ұлғайып, 4 миллиардтан аса долларға көбейген. Жалпы құны 21 миллиард долларды құрайтын 114 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта 33 жоба бойынша жұмыс жүріп жатыр. Оның инвестиция көлемі 4,5 миллиардтан астам долларды құрайды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар сауда кедергілерін жоюды, өзара сауданы жандандыруды және тауар айналымы номенклатурасын кеңейтуді қолдайды. Президент Қазақстан мен Ресей арасында астықты терең өңдеудің бірлескен кластерін құру жобасын қарастыруды ұсынды. Ауыл шаруашылығындағы бірлескен жұмыстардың мүмкіндігі көп екенін мәлімдеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика секторын нығайтуды тағы бір маңызды бағыт ретінде атады.

— Ресей — өңір мемлекеттерінің әлем нарығына шығатын негізгі



қақпасы. Қазақстан аумағы арқылы 11 халықаралық көлік дәлізі өтеді, яғни бес темір жол және алты автокөлік жолы. Оған Азия мен Еуропа арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызы тиесілі. Соңғы 15 жылда саланы кешенді жаңғыртуға 35 миллиард доллардан аса қаржы жұмсалды. Ресейден Орталық Азияға Қазақстан арқылы теміржолмен тасымалданған жүк көлемі соңғы үш жылда 26 пайыз артып, 30 миллион тоннадан асты. Бұл ретте кері бағыттағы транзит шамамен 50 пайыз ұлғайды. Сонымен қатар Ресейден Қытайға еліміз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 3 есе артып, 5 миллион тоннаға жетті, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметінің алдында Ресейдің және Орталық Азия елдерінің Үкіметтерімен бірге өңірдің, жалпыеуразиялық кеңістіктің заманауи, қауіпсіз, орнықты көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту мақсатында белсенді жұмысты жалғастыру міндеті тұрғанына назар аударды. 2030 жылға дейін 5 мың шақырымнан аса жаңа теміржол төсеп, 11 мың шақырым жолды жөндеу жоспарланды.

— «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің өткізу мүмкіндігін арттыру үшін нақты қадам жасалуда. 2030 жылға қарай Қызылорда қаласынан Ресей шекарасына дейінгі учаске төрт жолақты қозғалысқа ауыстырылады. Ресейлік және түрікмен серіктестерімізбен бірлесіп «Солтүстік — Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс тармағын дамытамыз. 2027 жылға қарай аталған көлік жолының өткізу мүмкіндігін еселеу жоспары тұр. Былтырғы қорытынды бойынша ондағы жүк тасымалы 2,5 миллионға жуық тоннаны құраған. «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізінің шығыс тармағын инвестициямен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша бірлескен бағдарламаны іске қосу бағдардың әлеуетін толық ашуға әрі қажетті қаржыны

тартуға септігін тигізеді. Қазақстан мен Ресей ведомстволары осы мәселені менің 12 қараша күні Мәскеуге жасайтын сапарымның алдында талқылауына болады. Бірлесе күш жұмылдырып, аталған мәселелерді жедел шешу үшін «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізі аясындағы еуразиялық бағытты дамыту кеңесін құруды ұсынамын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы энергетика саласындағы ықпалдастықтың әлеуетіне жоғары баға берді. Ресей, Қазақстан және Өзбекстанның үшжақты газ одағының арқасында өңірде жаңа энергетикалық жүйе қалыптасып келе жатқанын айтты. Бұған қоса, Каспий құбыры консорциумының маңызына арнайы тоқталды. Былтыр осы желі арқылы шамамен 63 миллион тоннаға жуық отандық мұнай тасымалданды.

— Аталған проблеманы терең түсініп, нақты шаралар қабылдаған құрметті Владимир Владимирович, Сізге алғыс айтамын. Қазақстан Ресей мұнайын Қытайға тасымалдауда маңызды рөл атқарады. Біз арқылы жылына 10 миллион тоннаға дейін мұнай жеткізіледі. Дегенмен өткен жылы тасымалданған мұнай көлемі бұл көрсеткіштен асып түсті. Бірнеше күн бұрын Санкт-Петербург қаласында Қазақстан мен Ресей арасында газ саласындағы ынтымақтастық жөнінде маңызды құжатқа қол қойылды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент кейінгі жылдары Ресеймен атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық серпін алғанын айтты. Осы орайда «Росатом» компаниясының қатысуымен Қазақстанда алғашқы атом электр станциясын салу стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтереді.

— Атом өнеркәсібіндегі ықпалдастық бірқатар жанама саланың дамуына берік негіз бола алады. Қазақстанда Ядролық отын циклі және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өңірлік құзыретті кеңес құруды ұсынамыз. Алматыда

МИФИ Ұлттық зерттеу ядролық университетінің филиалы ашылды. Жакында Ғылым жөніндегі кеңестің отырысын өткіздім. Ықпалдастық орнату үшін әлеуеттің бар екені анықталды әрі оны пайдалануға болады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Каспийдің су ресурстарын сақтау бойынша мемлекетаралық бағдарламаны іске асырудың маңызына тоқталды. Өз кезегінде жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы цифрлық трансформация жүргізу өзекті міндетке айналғанын да айтты. Қазақстан бұл салада кешенді жұмыс жүргізіп жатқанына мән берді.

— Жақында ғана Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды. Сонымен қатар ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. Екінші суперкомпьютердің жұмысын жолға қою міндеті жүктелді. 400 мыңнан астам студентті қамтитын арнаулы мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Ғылыми және өндірістік инновация бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі саналатын Ресеймен ұзақмерзімді әрі нәтижелі ынтымақтастық орнатуға ерекше қызығушылық танытамыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, аймақ елдері бұрын-соңды болмаған экологиялық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Оны еңсеру үшін үкіметтер мен салалық ведомстволар басшылары деңгейінде жүйелі шаралар қабылдау қажет.

— Осыған орай Экология мәселелері жөніндегі Ресей және Орталық Азия елдерінің министрлер кеңесін бекітуді ұсынамыз. Траншекаралық өзендер мен Каспий теңізінің жағдайына баса назар аудару керек. Су ресурстары мен ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйін бақылау, төтенше жағдайларды болжау үшін ғарыштық мониторинг бойынша бірлескен бағдарлама жасақтауды және іске асыруды ұсынамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Ресей мен Орталық Азия елдері сан қырлы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға баса назар аударуы қажет деп санайды.

— Бұл орайда елдерімізді біріктіретін, жалпы ортақ құндылығымыз саналатын орыс тілінің орны ерекше. Бірлескен күш-жігердің арқасында Халықаралық орыс тілі ұйымын құрғанымыз қуантады. Оның штаб-пәтері Сочи қаласында орналасқан. Ел алдында сөйлеген сөздерімде қазақ жастарының орыс тілін жетік меңгергені маңызды екенін айтып жүрмін. Бірақ бұл талап қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін одан әрі нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстарға кедергі келтірмейді. Құдай берген ана тілдеріміз конституциялық тәртіппен мемлекеттік мәртебеге ие болды. Сондықтан қазақ тіліне бұрынғыдай көңіл

бөліне береді. Жастарымыз биліктің қолдауымен екі, тіпті үш-төрт тілді оңай меңгере алатынына сенімдімін. Еліміздің әр азаматы өзіне ынғайлы тілде сөйлеуге құқылы. Бұл — «Бірлігіміз — әралуандықта» деп аталатын ұлттық саясатымыздың өзегі, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы «Орталық Азия — Ресей» форматындағы алғашқы ректорлар форумын Қазақстанда өткізуді ұсынды. Осы орайда жоғары білім саласындағы байланысты дамытудың мәні ерекше арта түскенін жеткізді. Бүгінде Қазақстанның 60 университеті Ресейдің 50 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатқан. Ресейде 60 мыңнан аса қазақстандық студент оқиды.

— Елімізде Ресейдің жетекші оқу орындарының 9 филиалы жұмыс істейді. Олардың қатарында биыл пайдалануға берілген Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалы да бар. Елдеріміз арасында ғылым-білім саласы бойынша тығыз байланыс орнағанын ескеріп, «Орталық Азия — Ресей» форматындағы алғашқы ректорлар форумын Қазақстанда өткізуді ұсынамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, қауіпсіздікті қамтамасыз ету — маңызды мәселенің бірі. Қазір халықаралық жағдай күрделі әрі сәт сайын құбылып тұр.

— Қазақстан үшін терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру маңызды міндет саналады. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің заңсыз айналымы алаңдаушылық туғызып отыр. Орталық Азияның өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы, ШЫҰ Есірткіге қарсы орталығы және тағы басқалары қолдауды күшейте түсуі керек. Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының бірлескен жұмысын «Орталық Азия — Ресей» форматында жалғастыру қажет деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Душанбе саммитінің қорытындылары өңірлік ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенім білдірді. Мемлекет басшысы Ауғанстандағы ахуал өңірлік қауіпсіздікті нығайтудың ажырамас бөлігі болып қала беретінін атап өтті. Президент бұл елді өңірдегі экономикалық үдеріске тарту бойынша үйлестірілген жұмысты жалғастыру қажеттігін жеткізді.

— Бұл арада Ауғанстанға қолдау көрсету бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының миссиясы пайдаға жарайды. Бұған дейінгі тағайындаулар Ауғанстанға қатысты барлық жағдайда тиімсіз болғанын көрсетті. Бұл міндетті шешуге жақында құрылған БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық хабы үлес қосады деп үміттенеміз, — деді Президент.

САЯСАТ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРҒАН АЛҚАЛЫ ЖИЫН



Астанада Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен бірінші Taldau Forum: Analytics driving change өтті. Іс-шара Taldau Community-дің бес жылдығына орай ұйымдастырылды. Форум барысында Why Nations prosper: Lessons for Central Asia тақырыбына арналған панельдік сессия өтіп, оған Нобель сыйлығының лауреаты, Массачусетс технологиялық институтының профессоры, экономист Дарон Аджемоглу арнайы мейман ретінде қатысты.

Мәулен Әшімбаев форумға қатысушыларға ілтипат білдіріп, еліміздің күн тәртібіндегі және заң шығару қызметіндегі маңызды мәселелерді бірлесіп жүйелі талқылау, сондай-ақ ортақ ұсынымдар мен талдамалық құжаттар әзірлеу үшін зияткерлік орта қалыптастырудың мәні зор екенін айтты. Палата Спикері бес жыл ішінде «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру жолында өздерінің тиімділігін дәлелдеген Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Талдау мектебінің жасампаз әрі біріктіруші рөліне де назар аударды.

«Taldau Forum сарапшыларды, аналитиктерді, белсенді кәсіби мамандарды біріктіретін Taldau Community-дің бес жылдығына орай өткізілуде. Қазір Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде маңызды және кешенді реформалар табысты іске асырылып келеді. Біз теңгерімді және демократиялық саяси жүйе қалыптастырып жатырмыз. Нарықтық экономиканы дамытуға, саяси және қоғамдық институттарды нығайтуға да баса мән беріліп отыр. Бүгінгі пікірталас Қазақстанның зияткерлік және сараптамалық әлеуетін арттыруға, еліміздегі реформалардың күн тәртібін тиімді іске асыруға өз үлесін қосады деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында қатысушылар Қазақстанның дамуына қатысты мәселелерді талқылады және Нобель сыйлығының лауреаты, Why Nations Fail, Narrow Corridor, Power and Progress кітаптарының авторы Дарон Аджемоглумен перспективалық трендтер жөнінде пікір алмасты.

Профессор Аджемоглу өз сөзінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға жоғары баға беріп, саяси және экономикалық институттарды дамытудың, адам капиталын тұрақты инвестициялаудың маңызына ерекше тоқталды. Сондай-ақ ол экономиканы жаңғыртуға қатысты бірқатар идеясын ортаға салды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан дамудың маңызды кезеңінен өтуде. Еліміздің алдында ауқымды мақсаттар мен міндеттер тұрған қазіргі талдаудың және сараптамалық қолдаудың сапасы айрықша мәнге ие. Сапалы аналитика — елдің орнықты дамуына арналған тиімді шешімдер қабылдаудың негізі. Осыған байланысты бес жыл бұрын

Сенат сарапшылар қауымдастығымен жүйелі байланыс орнатты. Басты мақсат — сарапшылардың жаңа буынын қалыптастыру және оларды заң шығару жұмыстарына тарту. Соның нәтижесінде бүгінде сарапшылар клубы, Талдау мектебі, Taldau Talks алаңы, Taldau Run спорт қауымдастығы және серіктестеріміздің қатысуымен өтетін оқыту семинарлары мен тренингтерден тұратын Taldau интеллектуалды экожүйесі қалыптасты деп айтуға толық негіз бар», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата Спикері Талдау мектебінің бесінші легіне іріктеу басталғанын жариялады. Сондай-ақ қауымдастықтың адалдық, ашықтық, үнемі өз бетімен жұмыс істеу, жауапкершілік және қоғамдық игілікке қызмет ету сияқты құндылықтарға негізделген қағидаларын қабылдаудың маңызды екенін тілге тиек етті. Сенат Төрағасы өңірлерде Taldau Lectures жобасын іске асыру және зерттеулер жүргізіп, жаңа идеялар қалыптастыратын алаң ретінде Taldau Lab талдамалық зертханасын құру жөнінде де ұсыныстарын айтты.

Форум аясында елдің өркендеуіне үлес қосу мақсатымен қоғамдастықты дамытуға белсенді атсалысқан сарапшыларға Taldau Awards арнайы сыйлығы салтанатты түрде тапсырылды.

Айта кетейік, Taldau Forum алаңында сарапшылардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Онда Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген адам капиталын дамыту және еліміздегі цифрлық өзгерістерге қатысты мәселелер сөз болды.

Панельдік сессияға Парламент депутаттарымен қатар отандық және шетелдік сарапшылар, ғалымдар, мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдардың және азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатысты.

Сонымен бірге форум аясында «Хабар» агенттігінің Телевизиялық мамандықтар академиясының мамандары шешендік шеберлік және көпшілік алдында сөйлеу дағдылары бойынша дәріс оқыды. Одан бөлек, Meta компаниясының өкілдері мен белгілі қазақстандық медиа-тренерлер тартымды контент жасау, аудиториямен байланыс және әлеуметтік желілерде жұмыс істеудің тиімді медиатетіктері туралы кеңес беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУҒА ШАҚЫРДЫ



Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Энергетика министрлігі Парламент Мәжілісімен бірлесіп Ақтау қаласында ұйымдастырған Мұнай-газ машина жасау форумында сөз сөйледі. Іс-шараға мемлекеттік органдардың, бизнестің, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының, салалық қауымдастықтар мен даму институттарының, сондай-ақ отандық және шетелдік мұнай-газ машина жасау кәсіпорындарының өкілдері қатысты.

Форумды ашқан Мәжіліс Төрағасы тәуелсіздік жылдары Қазақстан жаһандық мұнай нарығындағы жетекші елдердің біріне айналғанын атап өтті. Шетелдік белді компаниялармен бірлесіп ірі мұнай-газ жобаларын іске асырудың арқасында елімізде мыңдаған жоғары білікті инженер мен техник даярланды, ең озық технологиялар игерілді. Бүгінде біз мұнай мен газды өндіріп қана қоймай, белсенді түрде өңдейміз. Елімізде үш мұнай өңдеу зауыты бар, мұнай-химия саласы қарқынды дамып келеді.

Ендігі кезекте Қазақстанның алдында жаңа стратегиялық міндет тұр, ол — сапалы тауар өндіруші әрі экспорттаушыға айналып, ел экономикасын шикізатқа тәуелділіктен арылту. Осы орайда мұнай-газ секторы ерекше рөл атқаруға тиіс. Мәжіліс Спикері бұл форум алдағы мақсатқа барлық мүдделі тараптардың атсалысуымен бірлесе қол жеткізу үшін ортақ шешім әзірлеуге бағытталғанын айтты.

— Алдымызда Қазақстанды индустриялық қуатты мемлекетке айналдыру міндеті тұр. Бұл мәселе Мемлекет басшысының ерекше назарында. Осы жолда Парламент заңнамалық тұрғыда қолдауды жалғастыра береді. Үкімет жұмысты сапалы ұйымдастырып, бизнес өз өнімін халықаралық стандарттарға сай бәсекеге қабілетті етуге ұмтылса, жаңа жұмыс орындары ашылып, Қазақстанның экономикалық дербестігі нығаяды, халқымыздың әл-ауқаты жақсарады, — деді Ерлан Қошанов.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде. Энергетика министрлігінің дерегінше, форум аясында 440 миллион АҚШ долларының келісімшарттары жасалады деп жоспарланған.

Салалағы жалпы ахуалға тоқталған Мәжіліс Спикері былтырғы жылдың қорытындысы бойынша тек энергетика

секторында жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы қызмет пен тауар сатып алу көлемі 6 триллион теңгеден асқанын жеткізді. Оның 62 пайызы үш ірі компанияға — Тенішшевройл, КРО және НСОС үшеуіне тиесілі. Сөйтіп, отандық үлестің көлемі арта бастады. Бұл — Парламент пен Үкіметтің бірлескен жұмысының нәтижесі.

— Осы бағытта Энергетика министрлігі мен Мәжіліс депутаттары екі жыл бойы жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. 2 жылда үш ірі компаниямен арада шамамен 900 миллион доллардың келісімшарты жасалды. Жүйелі нәтиже бар — тендерлік рәсімдерге ішінара өзгерістер енгізілді, ұзақмерзімді келісімшарттар жасауға басымдық берілді. Дегенмен бұл жерде әлі де үлкен перспективалар бар, яғни бірлесіп жұмыс істеуді жалғастыру керек, — деп атап өтті Мәжіліс Төрағасы.

Оның пікірінше, мұнай-газ машина жасау өндірісін одан әрі кеңейту үшін бірқатар нақты шара қабылдау қажет. Біріншісі — отандық өндірушілерге сатып алу рәсімдерін жеңілдетіп, ұзақмерзімді келісімдер мен офтейк-келісімшарттар жасау. Екіншісі — отандық мұнай-газ машина жасау кәсіпорындарын күрделі жабдықтар шығаруға ынталандыру. Үшіншісі — ірі мұнай компанияларының қазақстандық тауар мен азық-түлік саласындағы қызметтерге көшуі. Бұл қазіргі қажеттіліктің біразын өтеп, соның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы бойынша жоспардағы міндеттерді жабады. Аталған мәселеде Қарашығанақ операторының жақсы тәжірибесі бар.

Мәжіліс Спикері мемлекеттің мұнай-газ саласын кешенді қолдауы туралы айта келе, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілген жаңа түзетулерге тоқталды. Енді ірі жер қойнауын пайдаланушы-

лар отандық мамандарға басымдық беруге міндетті. Бұған қоса, күрделі жобаларға елішілік құндылықтың үлесін анықтау бекітілді, Оф-тейк келісімшарттарда отандық үлестің ең төмен деңгейі бойынша талаптар күшейтілді. Сонымен қатар отандық өндірушілердің бірыңғай реестрі заңмен бекітілді.

Ерлан Қошанов өткен сессия барысында Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті жергілікті қамтуды арттыру бойынша ауқымды әрі жүйелі жұмыс атқарғанын еске салды. Мұнай-газ саласындағы ірі операторлардың есебі тыңдалды, олардың қорытындысы бойынша арнаулы хаттамалар жасалды. Өсімнің нақты индикаторлары айқындалып, орындау нәтижелерін депутаттар тұрақты түрде тыңдайтын болады.

Форумда Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай, Энергетика вице-министрі Құдайберген Арымбек, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасенов, «Норд Каспиан Оперейтинг» компаниясының басқарушы директоры Рую Джанкарло, «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» Бас директоры Марко Марсили және басқалар сөз сөйледі.

Форум алаңында қазақстандық өндірушілердің көрмесі өтіп, 45 компания металл құрылымдар, құбырлар, сорғылар, мұнай-химия, химиялық жабдықтар және басқа да өнімдерін ұсынды.

Өңірге жұмыс сапары аясында депутаттар Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты мен «ҚазАзот» компаниясына барды. Бұған дейін олар Жаңаөзендегі «Каскор-Машзавод» мұнай жабдықтарын өндіретін жаңа зауыттың құрылысымен танысты, сондай-ақ Жетібай ауылында су тазарту стансасын салу жұмыстарын қарап шықты.

БАҒДАР

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

БАЛАНЫҢ БӘРІ
БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ

Соңғы 15 жылда елімізде мүгедектігі бар балалардың саны екі еседен астам өсіп, бүгінде шамамен 117 мыңға жетті. Олардың ішінде 11,8 мыңы – аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалар. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға уақытылы және сапалы көмек көрсету мәселесі «AMANAT» партиясы жанындағы Мүгедектігі бар адамдардың инклюзиясы жөніндегі республикалық кеңестің отырысында қаралды.



Жиында талқыланған негізгі бағыттардың бірі – ерте араласу жүйесін дамыту. Бүгінде елімізде «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында ашылған 200-ден астам орталық жұмыс істейді. Бұл орталықтардың міндеті – баланың даму ерекшеліктерін ерте кезден анықтап, кешенді қолдау көрсету.

Осы ретте партия хатшысы Шолпан Каринова білім және денсаулық сақтау салалары арасындағы өзара нәтижелі жұмыстың жеткіліксіздігі салдарынан жүйенің тиімділігі төмендегенін атап өтті.

«Білім және денсаулық сақтау ведомстволары арасында өзара жұмыс жүйелі жүргізілмегендіктен, балалар қажетті көмекті уақытында ала алмай отыр. Біз әр балаға балабақшадан бастап мектепке дейін және одан кейін де жеке қолдау көрсету жүйесіне көшуіміз керек. Кем дегенде пилоттық режимде қолданысқа енгізу керек. Сонда ғана әр баланың әлеуметтік бейімделуін және жеке тұлға ретінде дамуын байқай аламыз», — деді ол.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, кеңес төрағасының орынбасары Наталья Дементьева ата-аналардан келіп түсетін шағымдардың көп екенін атап өтті.

«Маған Көкшетау тұрғыны жүгінді. Ол өз қаласында 17-18 жастағы, әсіресе ауыр формадағы аутизмге шалдыққан жасөспірімдерге арналған оңалту орталығы жоқ екенін айтты. Мұндай балалардың ата-аналары не істемек? Олар көмекті жасына келгенімен, әлі ересек өмірге бейімделе алмайды. Ал Маңғыстау облысының Шетпе ауылында ерекше балаларға арналған мектеп ғимараты дайын болғанымен, облыстық әкімдік лицензия бермей отыр.

Сонын салдарынан оқу процесі тоқтап тұр. Бұл — кәдімгі бюрократияның кесірі. Соның кесірінен ата-аналар да, ерекше қажеттіліктері бар балалар да тағы да назардан тыс қалып отыр», — деді депутат.

Бұл балалардың көмекті жасына толғаннан кейінгі таңдыры — әлі де шешімін таппаған мәселе. «Шанс» оңалту орталығының басшысы Василий Шиманскийдің айтуынша, еліміздегі барлық оңалту бағдарламалары тек 18 жасқа дейінгі балаларға арналған. Ал Қазақстанда әзірге мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктеріне сай білім беру бағдарламаларын бейімдеуге мүмкіндік беретін кәсіби мамандықтар тізімі жоқ. Сол себепті көмекті жасына жеткеннен кейін мұндай балалар қолдау таппай отыр.

«Германияда ауыр диагнозы бар, психоневрологиялық немесе аутизм диагнозы анықталған балалар үшін өндірістік шеберханалар жұмыс істейді. Онда оларды кәсіпке үйретіп, бейімдейді. Бұл бағыттағы негізгі қаржыландыру көзі мемлекеттен емес, бизнес тарапынан қамтамасыз етіледі. Біз бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы жиі айтамыз, бірақ бұл тек сөз жүзінде қалып отыр. Ерекше қажеттіліктері бар балалар білім алғаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Алайда бүгінде олар үшін арнайы жұмыспен қамту жүйесі жоқ», — деді ол.

Бұл ретте Bolashak Charity қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Динара Гаплан менталдық бұзылыстары бар жасөспірімдерге кәсіптік білім беру бүгінде аса маңызды әрі өзекті мәселе екенін атап өтті. Өйткені 9-сыныптан кейін олардың басым бөлігі оқуын жалғастыра алмайды — колледждердегі бағдарламалар мұндай бала-

лардың ерекшеліктерін ескермейді. Бұған қоса, бюрократиялық кедергі де көп. Денсаулық сақтау министрлігінің №188 бұйрығына сәйкес, менталдық бұзылыстары бар адамдар дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысын ала алмайды.

«Сондықтан біз серіктестермен бірлесе отырып, колледждер базасында оқу-өндірістік комбинаттардың моделін жүзеге асырдық, бірге колледж базасында оқу-өндірістік комбинаттар аштық. Онда ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдер мен ересектер практикалық мамандықтарды меңгере алады. Бір жарым жылда шамамен 70 адам білім алды», — деді ол. Менталдық даму ерекшелігі бар адамдарға кәсіптік білім беруді дамыту үшін біздің үлгі бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын бейімдеу маңызды. Яғни, оқу бағдарламаларын практикаға бағыттап, теориялық бөлімін қысқарту қажет», — деді ол.

Жалпы, елімізде мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі 30 пайыздан аспайды. Қазақстанда барлығы шамамен 740 мың ерекше қажеттілігі бар адам болса, олардың 414 мыңы еңбекке қабілетті. Алайда соның тек 119 мыңы тұрақты жұмыспен қамтылған. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Виктория Шегай атап өткендай, белгіленген квотаға сәйкес, еліміздегі барлық кәсіпорын мүгедектігі бар жандарды жұмысқа қабылдауға міндетті. Бірақ оларды еңбек нарығына бейімдеуге бағытталған арнайы бағдарламалар әлі де жоқ.

«Қазір арнайы білім беру бағдарламалары әзірленіп жатыр. Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан кәсіптік даярлық және сервис колледжінде психоневрологиялық

диагнозы бар, соның ішінде аутизм спектріндегі бұзылысы немесе менталдық даму ерекшелігі бар студенттер оқиды. Колледж фермерлік шаруашылықтармен бірлесіп жұмыс істейді, бұл түлектердің жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Осындай тәжірибені кенінен енгізу қажет», — деді ол.

Сонымен қатар отырыста медициналық оңалтуды жетілдіру мәселесіне ерекше назар аударылды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, соңғы бес жылда бұл салаға бөлінетін қаржы шамамен 140 пайызға артқан. Қызмет ауқымы да кеңейіп, дәрі-дәрмекпен емдеу мен когнитивтік тренингтерден бастап, роботтандырылған құрылғылар, вертикализаторлар, логопед және психолог көмегіне дейінгі түрлі бағыттар енгізілген. Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенова атап өткендей, ерекше балалардың болашағы, ең алдымен, ерте диагностика мен жүйелі қолдауға байланысты.

«Бүгінде біз скрининг жүйесін енгіздік. Ол нәресте дүниеге келген сәттен бастап алты жасқа дейін жүргізіледі. Бұл тәсіл дамуындағы ауытқуларды ерте анықтап, баланы дер кезінде оңалтуға мүмкіндік береді. Мұндай балаларға имплантация оталары, есту аппараттары, физиотерапия және сенсорлық интеграцияның заманауи әдістері қолжетімді. Алайда тек емдеу емес, үйрету де маңызды. Мысалы, Еуропада аутизм бар балаларға арналған бағдарламалар мультфильмдер, визуалды бейнелер мен мемдер арқылы жасалады, себебі бұл тәсіл ақпаратты жақсы қабылдауға көмектеседі. Сондай-ақ онда кәсіби бағдар беру жүйесі де жолға қойылған: әр баланың бейімін анықтап, ол аспаздықты ұната ма, гүл өсіруге қызыға ма — соған қарай үйретеді. Біз де осындай тәжірибені енгізіп, өзіміздің кеңестік кезеңдегі оқу-өндірістік комбинаттар тәжірибесін жаңғыртуымыз керек. Сонда балалар мектеп қабырғасынан-ақ қолжетімді кәсіптерді меңгеріп, болашақта еңбекке араласуға нақты дайын бола алады», — деді ол.

Отырыстың қорытындысы бойынша кеңес ерекше балаларды қолдаудың қолжетімді түрлерін дамыту жөнінде бірқатар ұсыныс айтты. Атап айтқанда, оңалту орталықтарына балама ретінде психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің желісін кеңейту, аутизм спектріндегі балаларға арналған күндізгі бейімдеу мүмкіндігін қарастыру, білім беру бағдарламаларын жетілдіру және мінез-құлық талдаушысы мамандығын енгізу ұсынылды. Сонымен қатар қатысушылар қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік материалдардың тапшылығын және шағын жеке орталықтардың қаржылық тұрақсыздығын да көтерді. Барлық ұсыныс жинақталып, «AMANAT» партиясы тарапынан бақылауға алынды.

Елнар ЕЛТАЙ



«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Құқықтық көмек» жобасы аясында Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, партия фракциясының мүшесі Нұрсұлтан Балабиев азаматтарды жеке қабылдады.

АЗАМАТТАРДЫҢ
ӨТІНІШІН ТЫҢДАДЫ

Қабылдау барысында тұрғындар әлеуметтік, тұрғын үй және құқықтық сипаттағы мәселелерін көтеріп, өздерінің жеке өтініштерін жеткізді. Әрбір азаматтың шағымы мұқият тыңдалып, нақты шешім қабылдау үшін тиісті мекемелерге жолданды.

Атап айтқанда, қабылдауға келген азаматтар қатарында:

Кулайша Налибаева — ай сайынғы табысы төмен зейнет-

кер ретінде әлеуметтік қолдау сұрады.

Қабылдау кезінде тұрғындар партияның жүйелі жұмысына ризашылығын білдіріп:

«Мәселемізге назар аударып, нақты бағыт-бағдар көрсеткеніңіз үшін алғыс айтамыз. Осындай қолдау біз үшін үлкен көмек», — деп атап өтті.

Барлық өтініш назарға алынып, Нұрсұлтан Балабиевтің жеке бақылауында. Депутат әр мәселені

егжей-тегжейлі қарап, тұрғындарға құқықтық және әлеуметтік кеңес берді. Сонымен қатар бірқатар өтініш бойынша нақты шаралар қабылдау үшін уәкілетті органдарға жолданды.

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға және олардың күнделікті өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береді.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында ауылды өркендету – басты басымдықтардың бірі. Ауыл инфрақұрылымын дамыту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, жұмыспен қамту, сапалы білім мен медициналық қызметке қолжетімділікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың бағыты болып қала бермек. Осындай мақсатты жұмыстардың жарқын көрінісі ретінде Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім ауданын айтар едік. Соңғы жылдары ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалы өзгеріп, жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын байқауға болады. Әлбетте, облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов ауданның дамуын ұдайы қадағалап отыр. Сонымен бірге жергілікті әкімдік пен аудан жұртшылығының бірлесе атқарған жүйелі жұмысының нәтижесінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік салалары серпінді дамып, инфрақұрылым жаңартылып, әлеуметтік қолдау жандана түсті.

Осыған орай ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалы, аудан орталығынан шалғай жатқан Маралды ауылының тыныс-тіршілігі жайлы Күршім ауданының әкімі Мейіржан Қанатбекұлымен сұхбаттастық. Сұхбат барысында ауданның тыныс-тіршілігі, тұрғындардың өзекті мәселелері, әкімдіктің нақты қадамдары және даму бағыттары жан-жақты тілге тиек етілмек.

— Күршім ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқтала кетсеңіз?

— Күршім ауданында 21 елді мекен, 7 ауылдық округ бар. Ауданда 13,9 мың тұрғын тұрады. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 3,1 млрд теңгені құраса, оның ішінде тау-кен өнеркәсібі 213,1 млн теңге, өңдеу өнеркәсібі 2,5 млрд теңгені құрады. Өнеркәсіп өндірісінің басым кіріс бөлігін «Төретоғам», «Визол ГРК» ЖШС кіргізіп отыр. Ауданда 46 мың мал басы болса, оның 26,6 мыңы сиыр, 105,9 мыңы қой-ешкі, 23,7 мың жылқы басы бар.

Негізінен, аудан мал шаруашылығымен ғана емес, балық, егін және қазба кен байлығымен де айналысады. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығына деген бетбұрыс жаңа сипат ала бастады. Несібесін осы саладан терген аудан еңбеккерлері мал түлігін арттырып, егіншілік ырысын молайтуға да көңіл бөліп отыр. Шаруалар түрлі мемлекеттік қолдауларды тиімді пайдаланып, өз шаруашылықтарын дамыта түсуде. Мысалы, аудан тұрғындары «Ауыл аманаты» жеңілдетілген несиесіне 11 жоба өтіп, 82,5 млн теңгенін қаражатына қол жеткізіп, кәсіптерін дөңгелете түсуде. Сондай-ақ «Кең дала» бағдарламасымен аудан шаруалары 26,6 млн теңгенің қаржысын алды. Сонымен қатар биылғы жылы Маралды ауылдық округінде егістік алқаптарын игеру үшін 750 гектар рапс егілді. Бұл да ауданның егістік шаруашылығына жаңа тыныс береді деген сенімдеміз.

— Аудан орталығынан шалғай жатқан Маралды ауылының қысқаша тарихын баяндап өтсеңіз?

— Тарихқа шегініс жасасак, 19 ғасырдың аяғына қарай ауылға алтын өндіретіндер келе бастаған. Маралды маңайында кен орындарын барлау жұмыстары 1931 жылы басталыпты. Ол заманда 319 ұңғыма жасалып, 1510 метр арық қазылған. 867 жерасты қазу жұмыстары жүзеге асқан. 1930-1932 жылдары колхоздар құрылады. Олар Алтай, Үшбұлақ, Қиынбұлақ, Ленин, Төсқайнат деп аталады. Ұлы Отан соғысы жылдарында рудникте әйелдер, балалар, карттар еңбек еткен. 1957 жылы рудник таратылып, совхоз құрылған. 1967-68 жылдары ауылда мәдениет үйі салынады. Сауда дүкендері рудник кезінде салынған екен.

Маралды ауылдық округінің жалпы жер қоры 117 404 гектар, ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлер жалпы ауданы



Мейіржан ҚАНАТБЕКҰЛЫ,
ШҚО, Күршім ауданының әкімі:

КҮРШІМНІҢ КЕЛЕШЕГІ КӨРКЕМ

97 284 гектар, оның ішінде 88 902 гектар жайылымдық. Бүгінгі таңда Маралды ауылында 466 тұрғын бар. Ауылда 11 жылдық орта мектепте 58 оқушы білім алады, 23 мұғалім еңбек етеді. Сонымен қатар ауылдық медициналық пункт, ауылдық әкімдік ғимараты, пошта бөлімшесі жұмыс істеп тұр.

— Ауылдың инфрақұрылымына тоқталсаңыз?

— Күршім ауданы аумағында 489 шақырым жол бар болса, оның 349-ы облыстық маңызы бар, 140 шақырымы аудандық маңызы бар жолдарға жатады. 2024 жылы жалпы соммасы 2,3 млрд теңгені құ-

— Елді мекендегі медициналық және демографиялық ахуал қандай?

— «Ауылдық денсаулық сақтау-ды жаңғырту» жобасы аясында 2023 жылы Маралды ауылында жаңа медициналық пункт бой көтерді. Ана мен баланы қорғау — Мемлекет басшысы белгілеген басты басымдықтың бірі. Ауданда ана мен балаға медициналық көмек берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру — басты назарда. Ана мен бала денсаулығына жіті көңіл бөлініп отырады. Бала туу көрсеткіші ауданда 2023 жылы 300 бала дүниесігіні ашса, 2024 жылы 240 дүниеге келген. 2022 жылы аудан-



райтын 46,9 шақырым жол жөндеуден өтті.

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында 2024 жылы Маралды ауылының 7 шақырым жолдары мен көшелеріне орташа жөндеу жүргізілді, воркаут аймағы бар шағын футбол алаңы орнатылды, ауылдық клубтың қасбеті қапталды, көше жарықтандыру тіректері мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауылға 30 бейнебақылау камерасы орнатылды. Қараөткел өзені арқылы өтетін көпір жөндеді, сондай-ақ Маралды-Үшбұлақ бағытындағы автожолға 315,0 млн теңгеге 21 шақырымына ағымдағы жөндеу жүргізілді. 40 көше жарығы бағаны орнатылып, ауыл толықтай көше жарығымен қамтамасыз етілді. Ауылға орталықтандырылған су жүйелерін тарту жұмыстары да жүргізілді. Ал 2025 жылы Маралды ауылының Шахтер көшесіне орташа жөндеу жүргізілуі жоспарланса, орталық саябақты қоршау жұмыстары да жоспарланған.

дық аурухананың перзентхана бөлімшесіне күрделі жөндеу жүргізілді. Маралды ауылында 2023 жылы бір бала, 2024 жылы 4 бала, 2025 жылы 2 бала дүниеге келген. 0-18 жасқа дейінгі балалар саны — 67.

— Ауылдағы жаңадан ашылған алтын өңдеу кәсіпорны туралы айттың берсеңіз...

— 2024 жылдың 28 қараша күні Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Дархан Сапанов арнайы келіп, аудан жұртшылығымен кездесіп, Маралды ауылындағы алтын өңдеу зауытының ресми ашылуын мәлімдеген болатын. Ресми ашылған уақыттан бері зауыт өз жұмысын жалғастырып келеді. Зауыттың ашылуы, біріншіден, аудан экономикасына көлемді қаржы құйса, екіншіден, аудан азаматтарының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Кәсіпорында 300 жаңа жұмыс орындары қарастырылған. Бүгінгі таңда алтын өңдеу зауытында 155 жұмысшы еңбек етуде. Оның 51-і аудан азаматтары. Ең бастысы, жұмыспен

қамтылған азаматтар ауылдан қоныс аудармай, олардың ауылда тұрақтап қалуына көмектеседі. Сондай-ақ зауыттың өндірген өнімі 2024 жылы 20737 тонна болса, биылғы өнім өндіру көлемі 250 мың тонна яғни, 3,2 млн теңгені құрайды деп жоспарланған.

— Алтын өңдеу зауытына қатысты түрлі пікірлер, дау-дамайлар айтылды. Сіздің пікіріңіз қандай?

— 2012 жылы желтоқсан айында Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен «СПК «Ертіс» АҚ арасында Күршім ауданында орналасқан Маралды ауылының «Маралды кен аймағы» және «Маралихинское» учаскесінде алтын барлау жұмыстарына алты жылға екі келісімшарт жасалған. 2020 жылдан бері 14 қоғамдық тыңдау өткізілді. Қоғамдық тыңдауда экологиялық ахуалға алаңдаушылық білдірген азаматтар пікірі назарға алынды. Азаматтардың ұсыныстары бойынша құзырлы мекемелер тексеру жұмыстарын жүргізді. Зауыт тарапынан заң талаптарын бұзу фактілері орын алмады. Бүгінгі таңда зауыт заң шеберінде өз жұмысын жалғастырып келеді.



Өздеріңіз білесіздер, 19 қыркүйек күні Маралды ауылында 8 бас мал өлімі тіркелген болатын. Осы жағдайға байланысты мамандардың зерттеу жұмыстарының қорытындысы жария етілді. Зерттеу нәтижелері бойынша сібір жарасы, пастереллез және эмфизематозды карбункул сынды аса қауіпті жұқпалы аурулардың белгілері анықталмады. Сондай-ақ токсикологиялық тексеруде де улану фактілерін көрсетпеді.

— Бірінші кезекте аз ғана уақытта өндіріс орны бой көтерді. Яғни, алтын өңдеу зауыты іске қосылды. Бұл дегеніміз, жаңа жұмыс орны ашылып, инвестиция тартылса, екіншіден, бюджетке қосымша салық та түсіретіні анық. Осы кәсіпорында жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасуы қалай шешім тапты?

— Иә, аудан әкімі ретінде менің тікелей міндетіме аудан бюджетіне жеке кіріс салығын көбейту, инвестиция тарту мақсаттары жүктеледі. Осы орайда 2024-2029 жылдарға Күршім ауданы әкімдігімен «Maralicha», «Maralicha-Gold» ЖШС және «BCAM Продакшн» ЖШС арасында меморандум жасалған. Меморандумға сәйкес аталмыш кәсіпорын әр жылдарда ауылдың дамуына қаражат бөліп отырады. Жалпы сомасы 2,5 млрд теңге ауылдың дамуына құйылады деп жоспарланған. Соған сәйкес 2024 жылы 315 млн теңге бөлінсе, 2025 жылы 415 млн теңге бөліну жоспарланған. Бүгінгі таңда Күршім ауданынан 51 азамат аталмыш зауытта тұрақты еңбек етсе, оның 25-і Маралды ауылының жергілікті тұрғындары.

— Ел Президенті биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп бекітті. Осы тұрғыда Маралды ауылының еңбек адамдары қалай дәріптелуде?

— Мемлекет басшысының бұл бастамасы еңбек адамдарының құндылығын арттырып, олардың қоғамға қосқан үлесін жоғары бағалауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Осы орайда Маралды ауылында мектепте, әкімдік пен ауылдық клубта, орман шаруашылығында жемісті еңбек етіп жүрген еңбек азаматтары баршылық. Маралды ауылдық округі бал шаруашылығымен көш бастап тұрғанын мақтан тұтамыз. Жыл сайын облыстық, республикалық «Бал жәрмеңкесінде» оза шауып, үздіктер қатарынан табылатын да осы ауылдың омарташылары. Алтын өңдеу зауытымен жасалған меморандумда ауыл кәсіпкерлеріне кәсібін жандандыруға меморандум қаражаты есебінен пайызсыз несие беру де жоспарланған. Бұл да еңбек адамдарына деген үлкен қолдау болары анық.

— Маралды ауылының болашағын қалай елестетесіз?

— Маралды ауылы әсем табиғатымен ерекшеленеді. Аудан орталығынан шалғай жатса да жергілікті тұрғындар туған жерлерінде еңбек етіп, кәсіптерін дөңгелетіп отыр. Бұқтырма су қоймасы арқылы са-

лынған көпір де ауылдан көшкен азаматтарды, қала мен даланы қайта жақындата түсуде. Болашақта отандық туризмнің көрікті жерлеріне айналады деген де үмітіміз бар. Қасиет қонып, құт дарыған ауылдың алар асуы асқақ екеніне сенімім зор.

— Алдағы уақытта өңірдегі Маралды сияқты шалғай жатқан ауылдардың ахуалын жақсарту және көркейту жұмыс жоспарымен бөліссеніз?

— Биыл 400 млн теңгеге іс-шараларды іске асыру жоспарланған, оның ішінде жыл басынан бері 227,2 млн теңгеге жобалар іске асырылды. Мысалы, Маралды ауылындағы орталық саябақты қоршау және стадионда спорттық снарядтар орнату, ауылдық округтегі жалпы пайдаланымдағы жолдар мен өткелдерді ұйымдастыру және жайластыру бойынша жұмыстар жүргізілді. ҰОС аллесаында гранит плиталарын орнату, су құбыры желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылды. 2026 жылы Маралды ауылының Уәлиханов көшесінің орталық бөлігіне қоршау қаша орнату, Уәлиханов көшесіне аллея орнату, ауылдық округі ғимаратына жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Ауылдарды дамыту — мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Облыс әкімі шалғай ауылдарға жан-жақты көңіл бөліп, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуды жіті бақылауда ұстайды. Ауылда қолға алынған су, жол, жарық мәселелері әр жыл сайын шешімін табуда. Алдағы уақытта да межелі мақсаттар мен жобалар жүзеге асады. Осы игілікті жұмыстар, бірінші кезекте, облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асып жатқанын айта кеткеніміз жөн.

Әңгімелескен А.СҰЛТАН

ОЙТОЛҒАМ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Су – тіршілік көзі, күнделікті тұрмысымыздың, құлшылығымыздың ажырамас бөлігі. Ата-бабаларымыз: «Су – өмір нәрі», «Су – ырыстың көзі, Еңбек – кірістің көзі», «Су бар жерде ырыс бар» деу арқылы судың маңызын насихаттаған. Алла Тағала «Әнбия» сүресінің 30-аятында: «Тіршілік иелерінің барлығын судан жараттық. Олар сонда да иманға келмей ме?» – деп айтқан. Тәпсір ғалымдары: «Бұл аятта су жер бетіндегі барлық жаратылыстың тіршілік көзі екені айтылуда» деген. Расымен де, жер бетіндегі барлық тіршілік иесі үшін су ауадай қажет. Жер бетінің жетпіс пайыздан астам бөлігін су алып жатыр. Қаншама тіршілік иесі судың себебімен өмір сүріп, тепе-теңдігін жоғалтпай келеді.



СУ БЕРГЕННІҢ САУАБЫ, ТӨККЕННІҢ ЖАУАБЫ БАР

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында: «Табиғи ресурстарды, әсіресе суды үнемдеу мәдениетіне келсек, ол жағынан үлкен кемшілік бар екенін мойындауымыз қажет. Яғни, атқарылатын жұмыс шаш етекпен. Бұл – азаматтардың, әсіресе жастардың арасындағы түсіндіру шараларының, тіпті идеология жұмысының жеке бір бағыты. Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сусыз өмір жок. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуы тиіс», – деп атап өткен болатын.

Расында, халық арасында суды үнемдеу мәселесіне қатысты барынша түсіндіру жұмыстарын жүргізген абзал. Осыған байланысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміз

болсын) тамақтанғаннан кейін: «Бізді тойдырып, сусын берген әрі мұсылман еткен Аллаға мадақ болғай!» – деп дұға етуді үйреткен.

Халық даналығында: «Судың да сұрауы бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің жауабы бар» деген сынды керемет нақыл сөздер айтылған. Мұның астарында суды үнемдеу, оны ысырап етпеу, суға ұқыпты қарау деген көптеген мағына жатыр. Судың нығметі үшін шүкіршілік ету құр тілмен айтумен жүзеге аспайды. Оны дұрыс, тиімді, үнемдеп және ұтымды пайдалана алған жағдайда ғана шүкіршілігіміз лайықты түрде орындалады.

Алла Тағала қасиетті Құранның «Ағраф» сүресінің 3-аятында: «... жеңдер, ішіндер, бірақ ысырап етпеңдер. Расында, Ол (Алла) ысырап етушілерді әсте ұнатпайды», – деп ескерткен. Егер

түсіндірген. Имам Ахмад (Алла оны рақымына алсын): «Суды (дәретте) аз қолдану кісінің білімін көрсетеді», – деген екен. Ғалымның шәкірті Мәруәзи: «Әскери тұрақта Әбу Абдулланың (имам Ахмед) суын әзірлеп бердім. Оның аз сумен жуынғанын көрген жұрт дәрет алуды білмейді екен деп айтпауы үшін көлегейлеп тұрдым», – деп айтқаны бар. Біз бұдан Ислам ғұламаларының суды мейлінше ысырап етпеуге тырысқанын көреміз.

Бір кісі Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Уа, Алланың Елшісі! Дәретті қалай алу керек?» – деп сұрады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір құмған су алдырды. Екі қолын үш рет жуды. Сосын жүзін үш рет жуды. Кейін қос білегін жуды. Басына масих тартып, екі сүк саусағын құлағына кіргізді, бас бармағымен құлағының сыртына масих тартты. Сосын екі аяғын жуды. Мұнан кейін: «Дәрет осылай алынады. Кімде-кім бұдан арттырса, жаман етіп, шектен шықты, зұлымдық жасады», – деген екен.

Сол себепті мешіт дәретханаларындағы «Суды ысырап етпеңіз» деп арнайы жазылған ескертпелер бекер емес. Бұған әрбір мешітке келіп, дәрет алушы үлкен мән беруі қажет. Имам Нәуәуи (Алла оны рақымына алсын): «Барлық ғалымдар бірауыздан теңіз жағасында болса да суды ысырап етпеу керектігін айтқан», – дейді.

Бір күні Сағд деген сахаба дәрет алып жатқанда қасынан Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өтіп бара жатып: «Уа, Сағд! Мынау не деген ысырап?!» – деп сұрайды. Сол кезде Сағд: «Дәрет алғанда да ысырап бола ма?» – деп таңғалады. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әрине, болады. Өзеннің жағасында болсаң да ысырап етуші болма», – деп ескертіп, барлық адамзат баласы ұстанатын қағиданы бекітіп берген.

Ендеше барлығымыз бір адамдай өзен, теңіз, құдық, арық сияқты су көздерін сақтап, таза әрі табиғи күйін

кейінгі ұрпаққа қалдыруға күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Судың барлық адамға таза күйінде жетуі деніміздің саулығына, құлшылығымыздың бүтіндігіне, тіршілік жасауымызға тікелей байланысты. Сондықтан суды үнемдеу, ысырап етпеу – дініміздің міндеті әрі талабы. Олай болса, мұсылман адам әрбір нәрсені есеппен жасауы тиіс. Қаражаты жеткен барлық нәрсені алу, пайдалану шарт емес, қажетіне жетерлік мөлшерді алу не пайдалануы керек.

Халқымызда «суға түкірме», «суға дәрет сындырма», «суға қоқыс төкпе», «суды былғама» деген сынды тыйым сөздер бар. Ата-бабаларымыз осындай тыйым сөздерді ұрпағына жиі айтып, тәлім-тәрбие берген. Суға түкіру – қазақ халқының адамгершілік құндылықтарына теріс, ол діни-этикалық нормаларға да қайшы. «Суға түкіру», «суға дәрет сындыру» немесе «адамның жолына үлкен немесе кіші дәретке отыру» сынды тыйым салынған әрекет-

тер дінімізде де, дәстүрімізде де көрініс тапқан. Діні мен дәстүрін ардақтап, қос құндылықты қастер тұтқан халқымыз бейәдеп танытқан адамға: «Су ішкен құдығыңа түкірме», – деп айтқан. Демек, өзен, құдық, көл болсын, жалпы тіршілік көзі саналған су құрметті әрі қадірлі дүние деп бағаланады.

«Қолдағы алтынның қадірі жоқ» дегендей, күнделікті көріп жүрген нығметтерге үйреніп, оның қадір-қасиетін ұмытып кететін жағдайлар аз болмайды. Судың да көп жағдайда қадір-қасиетін лайықты дәрежеде түсінбей жататынымыз жасырын емес. Алла Тағала қасиетті Құранның «Мүлік» сүресінің 30-аятында: «Қане, айтындаршы, бар суларын жер түбіне тартылып ізім-қайым жоғалып кетсе, сендерге қайтадан тұщы қайнар суды кім шығарып бере алады?!» – дейді.

Бұл – адамзат баласын ойландыратын аят. Бұл аят Алланың нығметін еске салады, тәкаппарлықтан, шүкірсіздіктен сақтандырады. Шын мәнінде, адам өмірі суға тікелей тәуелді. Егер Алла қаласа, ол суды жердің түбіне сіңіріп жібере алады. Ондай жағдайда адамзат ешнәрсе істей алмай қалатыны хақ. Егер Алла қаламаса, адам қандай технология мен ғылымға ие болса да табиғи тұщы суды жердің түбінен қайта өз еркімен шығара алмайды. Бұл аят қазіргі экологиялық дағдарыс пен су тапшылығы мәселесін мензейді. Адам табиғатты құртып, суды ластанып, ысырап етсе, мұндай нығметтен айырылып қалуы ғажап емес.

Бұдан түйетініміз, суды, жалпы табиғатты ежелгі болмысында сақтау – мойнымыздағы аманат. Осыған кері әрекет еткен кісі тек өзіне емес, қоғамға, барлық адамзатқа үлкен зиян тигізбек. Қазіргі күні тұрмыста қолданылатын қарапайым үнемдеу әдістері арқылы судың қорғалуына үлкен үлес қосқан боламыз. Суды қорғау – өмірді қорғау деген сөз. Ендеше суды үнемдеуді өзімізден бастайық!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Халық даналығында: «Судың да сұрауы бар», «Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің жауабы бар» деген сынды керемет нақыл сөздер айтылған. Мұның астарында суды үнемдеу, оны ысырап етпеу, суға ұқыпты қарау деген көптеген мағына жатыр.

бойынша айтылатын жұма уағызында суды үнемдеу жайлы тұрақты түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүзеге асырып келеді. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне суды ысырап етпеуді, оны үнемдеуді, ағын суды ластанауды насихаттаған.

Су – Алла Тағаланың адамзат баласына берген үлкен нығметі. Алла Тағала қасиетті Құранның «Такасұр» сүресінің 8-аятында: «Сосын сендер сол күні нығмет атаулыдан міндетті түрде сұраласындар», – деп ескерткен. Мұсылман адам әрбір ішіп-жеген және басқа да қажеттіліктері үшін қолданатын су нығметі үшін Раббысына шексіз шүкірлік білдіруге тиіс. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі

суды ішкеннің өзінде Алла Тағала бізге оны шамадан тыс қолдануды қайтарып отыр. Суды артық қолдану ысырапты іс, ал ырап күнә болып саналады. Күнә іс жасаудың о дүниеде жазасы тым қатты болмақ. Сондықтан суды басқа мақсатта қолданғанның өзінде тіпті сақ болуымыз керек.

Дәрет алу – құлшылықтың әрі тазалықтың негізі. Бірақ оның өзінде суды шамадан тыс шашып-төгуге болмайды. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл үмбеттің ішінде дәрет пен дұғада шектен шығатын бір топ болады», – деген. Имам Айни (Алла оны рақымына алсын): «Дәретте шектен шығу – көп құйып (төгіп) және мөлшерін арттыру арқылы суды ысырап ету дегені», – деп

КӨЗКӨРГЕН

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

— Қадыр Мырза Әлі де, Тұманбай Молдағалиев есімі де ерте танылды. Екеуі де ең еңбекқор ақындардың бірі еді. Өлеңсүйер қауымның арасында екі ақынның өлеңдері жиі оқылатын. Сіз Қадыр ақынмен қалай таныстыңыз?

— Биыл 90-ға толып отырған Қадыр Мырза Әлі мен Тұманбай Молдағалиев ақынның екеуі бір жылда туып, бір жылда дүниеден озды. Өмірде де, шығармашылық ортада да қатар жүрді және қалжыңдары жарасқан құрдастар еді. Студент кезден олардың өлеңін жатқа білетінмін. Поэзия кештеріне жиі барып, екеуін де құрметтедім. Ағаларыммен таныстығым 1967 жылы басталды. Сол жылы оқуымды бітіріп, тұңғыш «Өрімтал» жинағым «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Бұл ақындар сол кезде «Жазушы» баспасында жұмыс істейтін. Олар маған қарындасындай қарап, ақын деп бағалады. Екеуінің халыққа қызметі бірдей. Біз көрген Қадыр аға мен Тұманбай аға ылғи қалжыңдасатын. Өлеңді де қатар жазатын болды, кітаптары да бірге жарыққа шығып тұрды. Кейде сапарларға бірге баратын. Бірін-бірі қызғанған жоқ, бір ауыз ауыр сөз айтқан емес. Әрдайым бір-біріне тілеулес болып жүрді. Ғажабы, екеуі бір жылда туып, бір жылда қайтты. Қадыр аға дүниеден өткенде Тұманбай ағам «Мен сенен қалып барамын» деп сөйлеп еді.

Негізі, Алматы облысында Тұманбай ағаға әдемі әннің, сұлулықтың, өмірге ғашықтықтың ескерткіші сұранып тұр ғой. Өзі де керемет лирик еді. Өнге жазған сөздеріне, мысалы «Құстар қайтып барады» сияқты тақырыптарға салуға болады. Неге екенін білмеймін, Тұманбай ағаның ескерткішін әлі күтіп жүрміз. Өзі бала кезінде жетімдік көргенін, әкесінің соғыстан қайтпағанын жиі айтатын еді. Қайтыс болғанда да туған жерінен жетімдік көріп тұрған сияқты. Осыған менің жүрегім қатты ауырады. Қазағын жырлаған Тұманбайын неге ұмыттық?

Қадыр аға мен Тұманбай аға Жазушылар одағына қатар кіретін, қатар шығатын, бірге жұмыс істейтін. Бүтін жастар жырлаған, жастықты жырлаған екі ақынға бірге, бір-біріне күлімдеп қарап отырған кейіпмен ескерткіш қойса деп армандаймын. Ол арманым биыл орындалмайтын секілді. Әйтпесе, қатар жүрген қос ақынның мүсіні қандай жарасар еді, ерекше үйлесім болар еді.

— Екеуі де кеңестік кезеңде дүниеге келді. Екі ақын да өз дәуірін жырлады. Қазір жас буын соцреализм бағытындағы әдбиетті жоққа шығарғысы келетін сияқты. Бұған қалай қарайсыз?

— Бұл — өте қате түсінік. Жастардың оларды басқа дәуірдің ақыны деп қарауы дұрыс емес. Ақын, жазушы, суреткер қай ғасырда туғанына кінәлі емес. Ол кезде саясат солай болды. Жазғанын шығару үшін Қадыр ағаның өзі айтады: «Өткізу үшін шындықты, өтірік қостым аздаған»...

Олардың шығармалары кезеңге жатпайды. Мысалы, Тұманбайдың махаббаты — социализмнің емес, дәуірдің махаббаты. «Ал адамдар күліп бастап өмірін, кетерінде жылай да алмай қалады». Адамның бүгінгі мен ертеңі екі жолға сыйдырып жіберіп отыр. Ал Қадыр аға қалай социализмнің ақыны болады, егер ол тек қазақтың сонау ғасырлық тағдырын, жанын жырласа. Ақын қазақты

Екі ақын да БҮГІН ҚАЗАҚТЫҢ ОРТАҚ Перзенті

Екі ақын да қазақ поэзиясының қос қанаты, ой мен сезімнің өлеңге айналған өрнегі. Қадыр Мырза Әлі халық даналығы мен мінезін шумаққа сыйғыза білген терең ойдың иесі, ұлттың рухын жырлаушы болса, Тұманбай Молдағалиев – жүректің нәзік әуенін шерте білген, махаббат пен мейірімнің мөлдір сезімін жырлаған сыршыл ақын. Бірінің сөзі – шындықтың жүзі, екіншісі – жүректің үні. Уақыт өтсе де, олардың өлеңдері әдебиет аспанында жарқырай бермек. Біз бүгін «Көзкөрген» айдарында бір дәуірде өмір сүрген, мұраттас, мүдделес болған ақын Ақұштап Бақтыгереевамен Қадыр ақын туралы сырластық.

қанша жырлауға тырысса, өлеңдері де соншалықты өмір сүруге лайық.

Ал жастардың «бүгін біз жаңалық жасаймыз» деуі — кезеңнің уақытына сай бір «стиль» сияқты. Бірақ ақынға, шығармаға олай қарауы «кателік» деп ойлаймын. Қазіргі цифрлық кезең келіп біздің тарихымызды сызып тастаса қалай болады? Не болса да, біз тарихымызды жоғалтпауымыз керек. Жасап кеткен қаламгердің, жазушының байлығын қастерлеп, оны түсіне білуіміз керек.

Бастысы, бөлінбеудің шартын негізге алған жөн, яғни таланттардың ортақ таныту керек. Тұманбайды — Алматы, Қадырды — Орал, Абайды Семей оқығаннан біз ештеңе ұтпаймыз, керісінше тұлғаларымызды танытуда бұрыс жолға түсеміз. Балаларымызға кішкентайынан ұлы тұлғаларымызды тек қазақтың перзенті ретінде ұғындырып өсіруіміз керек.

— Жалпы, сіздің Қадыр ақынды танып-білуіңізге оралдық болғаны себепкер болды ма?

— Мен Қадыр Мырза Әліні оралдық екен деп танымадым. Ол кезде жершілдік, рушылдық деген әңгіме мүлде болмайтын. Бізге қазақтың ұлылары ортақ сияқты болды. Біз сондай ұрпақ едік. Қазір ғой жерін, руын іздейтіні. Біздің ғасырдың жастарында ондай «сезімталдық» болған жоқ. Өйткені Алматы бәрімізге, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жастарға ортақ болды. Құшағын ашты, бәрімізді сыйдырды. Қолына қалам ұстаған жанның бәрінің ортақ мекеніне айналды.

— Елден үлкен қалаға келгенде ақын адам бірінші жерлерініз істейтіні белгілі. Сіз де Қадыр ақынды «ағалап» жиі іздедіңіз бе?

— Қадыр Мырза Әлімен жақын араласуыма себепші болған — Ал-



матыдағы жазушылардың ақ үйі. Біз соған көрші қондық. Ал Тұманбай ағам орталықта басқа үйде тұрды. Сол кезден бастап түз-дәміміз араласқан, туған ағалы-інілідей, оның үстіне поэзиядан жүрегіміз жарасқан адамдар болдық та, жақын араластық. Жеңешем де қайыңсіңісіндей жақын көріп, қазақи табиғи жолмен араласып кеттік.

— «Уақытымның бір минутын да бос жібергім келмейді» дейтін. «Әрі мықты адам болу үшін бақытсыз балалық керек» дегені тағы бар. Ақынды мықты қылған не нәрсе?

— Қадыр Мырза Әлінің еңбекқорлығы өзгелерден ерекшелендірді. Ол орынсыз бір жиынға бармайды, уақытын жібермейді. Таннан кешке дейін аудармаға, зерттеуге не кітап жазуға белгіленіп қоятын. Көрші тұрғанымда білгенім сол. Басқалар сенбі күні серуендесе, Қадыр аға бұл күні қала сыртындағы кітап базарына кітап іздеуге кетеді. Сонда барып керегін алып қайтатын. Ол жинаған мұрасының бәрі қазір Оралдағы Қадыр орталығында тұр. Құнды дүние, қымбат қазына.

— Ақынның өлеңдерінің тақырыбы әр алуан. Дегенмен Қадыр ақынды өзге ақындардан ерекшелеп тұратын қандай қасиеті деп ойлайсыз?

— Қадыр ағаны мықты қылған — тақырыбы. Ол қазақтың түгел жоғын түгендеді. Баласына не керек, данасына не керек, қазақтың тағ-

дыры, өткені, бүгіні, мінезі, бәрі-бәрін түгендеді. Сондықтан Қадыр ағаны ерекшелендіретін де осы деп ойлаймын. Ол менің шығармаларым өзге тілді аударылсын, өзге тілде сөйлесін, көпшілік мені білсін деп жыр жазған жоқ, ол қазағының жоғын жоқтады. Ал әннің сөздерімен, лирикалық шығармаларымен жастардың жүрегіне нық орнаған, адамның бар тіршілігін, болмысын көңіл күйін жырлаған ақын — Тұманбай Молдағалиев.

— Қадыр Мырза Әлі «Жазмышты» жазды, сосын «Иірімге» бет бұрды. «Айяның екі жағы болады, біз бір жағын ғана көріп үйренгенбіз» деп еді. Сіз «Иірім» туралы не айтар едіңіз? Жалпы, ол кісімен бұл тақырыпта сөйлесіп көрдіңіз бе?

— Қадыр Мырза Әлі «Иірім», «Жазмыш» деген тақырыптарға барды. Бұлар — бұрын қазақ әдебиетінде жоқ тақырып. Негізі, көрші отырған соң, орыстардан білгеніміз сол: олардың тағдырын, не жазғанын, қалай дүниеден өткенін, мінез-құлқын бәрін оқымыз. Ал қазақта ол әдетке еңбеген. Шын мәнінде, өте қажет дүние деп ойлаймын. Осы екі тақырыпты жазғаны үшін Қадыр ағаның көзі тірісінде естімеген сөзі жоқ. Бізде бұл дамымаған тақырып, негізі келешекте қажет нәрсе деп ойлаймын.

Қадыр аға қайтқаннан кейін туған жерінде салған әдеби орталыққа 6 767 кітап келді. Сол кітап-

тардың бәрінің бетінде Қадыр ағаның сызып оқыған жолдары, қарындашпен қойған белгілері бәрі-бәрі бар. Біздің дәуірдің қай ақыны 6 767 кітапты оқып шығуға уақыт тапты екен. Қанша уақытын үнемді пайдаланған: бос уақытын ойын-сауыққа, демалысқа арнамаған еңбекқор ақын — біздің Қадыр аға.

— Бір жылдары Қадыр ақын да, сіз де Оралға көштіңіздер. Бірақ ақын көп ұзамай Алматысына қайта оралды. Оралға үйрене алмады ма?

— Ұлт, халық, ел деген сөздердің куәсі болып отырмын. Мырза Әліге бұл күнде екі ескерткіш қойылды. Бірі — қаланың ортасында, туған жерінде елін жаяу аралап келе жатқан бейнесі. Өсіп келе жатқан балалар Ескерткіштің қасына келіп өлеңін оқып, қолынан ұстап сырласқандай болады. Қадыр Мырза Әлі атындағы мектептерде ұлттың балалары жырларын оқып жатыр. Ендеше ұлтына қызмет еткен ұлы ақынның қалдырған еңбегі — болшақтың мұрасы. Және соларды тәрбиелейтін құрал. Ақынның 90 жылдығы Жайықта тойланып жатыр, бірақ бұл ақындарды өзінің туған облысына бөліп тойлау дұрыс емесін айтып келеміз. Оларды Қазақстанның бар аймағы бір деңгейде тойлауы керек. Себебі аймақтарда өмір сүріп отырған халық өздерінің мұн-зарын өлеңімен жуып отыр емес пе?

2002 жылдары Атырау мен Оралға ақын-жазушылар, өнер адамдары, оқымыстылар барған кезде біз де бардық. Қырымбек Көшербаев Қадыр ағама Жайық жақтан әдемі үй салып берді. Бірақ ағам ол үйде тұра алмады. Ағаның жары — Алматының қызы. Өзі де Оралды жерсінбеді. Соған да байланысты болар. Бір айдай сол үйде болды да, Алматыға қайта оралды. Кейін үлкен ұлы тұрды. Ол үй о баста ағаның кітапханасы, музейі болады деп басталған. Бірақ қазір сақталған жоқ шығар, балалары сатып жіберді-ау деймін. Сөйтіп, үйдің тағдыры солай аяқталды. Дегенмен қаланың қасиетіне киіз сияқты көлемде «Қадыр орталығы» тұрғызылды. Сол жерге ағаның жинаған кітапханасын түгел көшіріп апарды. Бүгінгі іс-шаралар да сол жерде өтеді. Орталық келіп-кететін, жергілікті оқырмандардың да сүйікті мекеніне айналды.

— Қадыр Мырза Әлінің анасының құлпытасына:

«Бала боп қызық көрмеген,
Баладан қызық көрмеген,
Байдан да қызық көрмеген,
Қайдан да қызық көрмеген,
Бұл жерде жатыр кейуана, —
деп жазды.

Мен білетін ақынның ерекше қасиеті — шыншылдығы. Өзі ешқашан өтірік айтып көрмеген адам. Әсіресе, анасының басына жазғанын бір күні сұрадым: «Аға, ауыр сөз жазыпсыз ғой. Анаңызға да, өзіңіздің жүрегіңізге де ауыр емес пе?» деп. «Жоқ, шындық қалуы керек. Өйткені мен анама да бұрылатын уақыт таппадым. Мен қазақ деген халықтың баласы боламын деп ойладым. Менің анам — қазақ. «Сол ұлтқа бала болып өтсем, анам өкпелемес» дедім. «Бірақ шындықты жаздым. Анам менен рахат көрген жоғын көздерім көрді ғой» деді. Міне, Қадыр ақынның өтірік айта алмайтыны, шындығын жария ете алатыны...

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНГЕН

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

«Шығармашылығым жайлы айту – құпиямды ашқанмен бірдей» деген екен су жаңа Нобель иесі Ласло Краснахоркаи. Өзін әдеби ортадан ада, әлеуметтің, саясаттың қуыршағы болудан алыс ұстайтын жазушы әдебиет саласында марапатқа ие болды. Оның еңбегіне Швед академиясы «күйреудің алдына тұрған дүниеден бір жарық сәулені байқап, соның соңынан қуғандай» деп баға берген. Жазушының атын әлемге әйгілеген «Ібілістің биі» романы әдебиеттегі жаңа жолдың, бөлек стильдің барын нұсқап тұр.



кешіп жатқан адамдардың өмірлік тәжірибесін суреттейді» деген.

Дәл осы романды режиссер Бела Тарр бір түнде оқып, таң ата жазушыдан кино түсіруге рұқсат сұрап хабарласқан. 1994 жылы ол бұл туындыны жеті сағатқа ұласқан фильмге айналдырды. «Романдағы адамдардың бәрі кедей, сорлы болғанымен, Краснахоркаи оларға сирек кездесетін адамдық қадір-қасиет сыйлады» деген екен режиссер. Бұдан бөлек, жазушы мен режиссер бірігіп, бірнеше сценарий жазып, фильм түсірді. 2000 жылы «Қарсылық меланхолиясын» таспа-лап, оны «Верктаймстер гармониясы» деп атады. Кең тынысты, ұзақ сөйлемге құрылған бұл роман шағын венгр қалашығында болған оқиғаны суреттейді.

БІР ҒАНА КІТАП ЖАЗАМЫН...

Ласло Краснахоркаи 1954 жылы Будапештен 190 шақырымдай жерде орналасқан Дьюла қаласында дүниеге келген. Атасы

ғаны үшін жазаланған соң әскерден қашып кеткен. Кейін әртүрлі жұмыс істеген. Тіпті, шахтаға түсіп, түнде мал күзеткен. Сол шақта болашақ жазушыға Достоевскийдің, Малкольм Лоуридің «Жанартау астында» атты романы серік болған. Ласло бұл романды «Менің Інжілім» деп жанынан тастамаған.

Сонымен, музыканы жаны сүйген ол алғашында бір ғана кітап жазып, кейін музыкаға қайта оралғысы келген. Бірақ 1980 жылы Венгриядағы цензураға қарамастан әдебиетке ден қойды. Алғашқы әңгімесі шыққаннан кейін оны полиция антикоммунистік көзқарасы үшін тергеп, төлқұжатын тартып алған. Сөйтіп, 1985 жылы әдеби сенсация деп бағаланған «Ібілістің биі» романын жазып шыққан. Осылайша, айрықша стилі бар жазушы әдеби әлемнің мойнын бұрғызады.

Бастапқыда ұзақ сөйлемге құрылған, пунктуациясыз прозасының кең танылатынына жазушының өзі де сенбеген. «Бұл кітаптар кей оқырманға қиын көрінуі мүмкін, себебі шығармада үзіліс жоқ» деген екен Ласло. Оқырман Краснахоркаи туындыларын саяси астары үшін бағалайды. Жазушы шығармаларында авторитаризм мен оңшыл идеологияның күшеюіне сын айтады. Ол Венгрияның премьер-министрі Виктор Орбан мен оның «Фидес» партиясын да ашық сынаған. Ласлоның аудармашысы Оттилия Мульцет бұл қадам жазушы үшін қауіпті екенін бірнеше рет айтқан.

«Ол венгр қоғамына сатира-лық айна ұстатады. Орбан саясатына қарсы пікірін ашық білдіру арқылы үлкен батылдық көрсетті», — деді аудармашы. Ал Виктор Орбан әлеуметтік желіде Краснахоркаиды Нобелімен құттықтап, «еліміздің абыройын асқақтатты» деп жазды.

Қош, Нобель сыйлығы — әлемдегі ең беделді әдеби марапат. Кей жерде бұл сыйға жазушы шығармашылығының шыңы деп айдар тағады. Десе де, кейінгі жылдары Швед академиясына сын айтатындар да бар. Себебі сыйлықтың басым бөлігі Еуропа мен Солтүстік Американың ер-азаматына берілетін. Соны жуып-шайғандай былтыр сыйлық оңтүстіккорейлық Хан Канға бұйырды. Ол «Ет жемейтін әйел» атты сюрреалистік романымен танымал болды. Одан бөлек, лауреат атанғанның арасында Зангибардан шыққан Абдуллазак Гурна, француз жазушысы Анни Эрно бар.

Баспагер Барбара Эплер Краснахоркаидың ерекшелігін талдай келе, «оның прозасында бір таңғажайып тепе-теңдік бар, қараңғылықтың ішінен жеңіл күлкі естігендей боласың» деген екен. Бақсақ, шығармашылығы өзі сүйген музыка, соның ішінде үрейлі әуен сияқты естіліп, оқырманын елітіп әкетеді. Осы беймәлім сезімді соңына дейін сақтап, жақсылықтың ерте ме, кеш пе келетінін дәлелдейді.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

МУЗЫКА ЫРҒАҒЫНДАҒЫ ШЫҒАРМА

Иә, автор 2014 жылы The New York Times-қа берген сұхбатында «өзіме дейінгі әдеби дәстүрден алыстап, екінші Кафка, Достоевский немесе Фолкнер емес, мүлде бөлек, түпнұсқа стиль жасағым келеді» деген екен. Айтқанындай, оның кейінгі «Herscht 07769» романы әдебиет әлеміне төңкеріс алып келді. 2021 жылы АҚШ-та басылған роман бір сөйлемнен құрылған. Кітапта Еуропадағы фашизмнің өршу қаупі туралы ескертіп, Германиядағы қабырға суретін тазалаушының канцлер Ангела Меркельге жолдаған хаты түрінде берілген. Қызығы сол, бір сөйлем 400 бетке ұласқан. Германиядағы пандемия алдындағы әлеуметтік толқуды дәл бейнелегені үшін «заманауи неміс романының үздігі» деп танылды.

Британның The Serpent's Tail баспасы шығарманың мазмұнын былайша сипаттайды: «Мейірімді дәу Флориан Хершт — неонацист асырап алған жетім бала. Оны қабырға суретін тазалаушыға шәкірт етіп қояды. Қожайыны Бахтың жанкүйері әрі қаладағы әйгілі композитордың ескерткішіне қасқырдың суретін салатындарға ашулы».

71 жастағы венгр жазушысын оқырманы Нобельдің тұрақты үміткерлері қатарына қосқалы қашан. Оның «Ібілістің биінен» басқа «Қарсылық меланхолиясы» (1989), «Соғыс пен соғыс» (1999), «Сэйобо төменде» (2008) шығармасы ел арасында танымал болды. Әріптестері болса оның ерекше стилі мен мұң мен әзіл-оспағы қатар өрілген әңгімесін жоғары бағалайды. Мәселен, Америка жазушысы Сьюзан Сонтаг оны «апокалипсис шебері» деп атаған. Нобель ком-

КРАСНАХОРКАИ ФЕНОМЕНІ: *қасірет пен музыканың* ТОҒЫСҚАН ТҰСЫ

итетінің мүшесі Стив Сем-Сандберг баспасөз мәслихатында Краснахоркаидың музыка ырғағына құрылған эпикалық стилін мақтаған. «Академия оны иллюзиядан ада көркем көзқарасы, қоғамның әлсіз тұсын анық көруі, өліара шақта да өнердің күшіне сенгені үшін марапаттады» деді. Нобель иегерінің өзі марапатталғанын телефон арқылы біліп, Швеция радиосына «мен өте қуаныштымын, рақмет! Болашақта не боларын білмеймін» деп қысқа қайырған. Әрі әзірше ешкімге сұхбат бермейтінін айтқан. Өйткені жазушы Франкфурт қаласында сапарда жүр. Сыйлық иесіне желтоқсан айында Стокгольмде өтетін жиынында табысталады. Оған қоса, Ласло — Нобелі бар екінші венгр жазушысы. Бұған дейін 2002 жылы Имре Кертес әдебиеттегі беделді сыйға ие болған.

Айталық, Краснахоркаи бес роман жазған әрі сол үшін бірнеше әдеби сыйлық алған. 2015 жылы халықаралық Букер сыйлығын иемденді. Бұл марапат жазушының бір ғана туындысы үшін емес, жалпы шығармашылығына берілген марапат. Ал оны әлемге әйгілі еткен ең алғашқы романы — «Ібілістің биі». 1985 жылы жарыққа шыққан романы Венгрияға үлкен әдеби серпіліс әкелді. Романда заманақыр суреттелген. Жазушының өзі



Paris Review-ге берген сұхбатында сол шақта аталған романның шығуы мүмкін еместей көрінгенін, коммунистік жүйе үшін тым өткір туынды болғанын айтқан. Шығармада қираған ұжымшардағы адамдардың өмірі суреттеледі. Қоғамның күйреуі, паранойя, қорқыныш пен адамзаттың рухани адасқанын бейнелейді. Краснахоркаидің өзі де саяси роман жазбайтынын, қоғамның бет-бейнесін көрсететінін нұсқаған. Соның ішінде коммунистік жүйенің жетегінде кететін қоғамға өкпелі екенін атап өткен. Ақын Джордж Сиртес те «ол саясат туралы емес, қоғамның ыдырауын бастан

еврей екенін жасырып, ассириялық жасау үшін Корин тегін Краснахоркайға өзгерткен. Ласлоның өзі мұны 11 жасқа толғанда білген.

Бала кезінен музыкаға бейім болған. Кәсіби музыкант ретінде жұмыс істеп, джаз ансамблінде пианино ойнап, рок-топта ән салған. Әкесі — заңгер, анасы әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінде қызмет еткен. Кафканың шығармашылығына тәнті болған Краснахоркаи бастапқыда заң мен қылмыстық психологияны оқығысы келгенімен, кейін венгр тілі мен әдебиетін таңдаған.

Мектептен кейін әскер қатарына шақырылып, тәртіп бұз-

МӘСЕЛЕ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Қазақ елі ауылдардан жоғары қарқынмен айырылып жатыр. Ресми статистикаға жүгінсек, биыл 55 ауыл жабылып қалған. Кейінгі онжылдықтарда 1,5 мыңнан аса ауыл Қазақстан картасынан жойылды. Халықтың үдере көшіп, ауылдардың қаңырап қалуының себебі көп. Жуырда Мәжіліс депутаттары ауылда дәріхана жоғын, бюджеттен субсидия тоқтағалы бұрынғы жылжымалы дәріханалар жұмыс істемейтін болғанын мәлімдеді. Ауылдардың босауына оны жайлаған жұмыссыздық, ұрлық-қарлық, мектептің жаппай жабылуының, интернет пен цифрландырудың сол бойы жетпеуінің, басқа да проблеманың сұрапыл ықпалы бар.

АДЫРА

А Айхан
ШӘРІП

«Қазақстанның өңірлері» статистикалық жинағындағы дерекке сілтеме жасаған экономика ғылымдарының кандидаты Жібек Омарханованың айтуынша, осыдан он жыл бұрын, 2015 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 7 093 ауылдық елді мекен (АЕМ) болыпты. Бұл 2009 жылғыдан 567 ауылға аз. Демек, 2009 жылы республикада ауыл саны 7 660 болған. Ғалымның түсіндіруінше, АЕМ-дер санының қысқаруы сол кезде жаңа қабылданған «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» заңына сәйкес жүргізілді.

Есіңізде болса, ол кезде «Үкіметтер ауылдарды «келешегі бар» және «келешегі жоқ» деп бөліп тастады. Мұнда барлық өлшемшарт-критерийлер бойынша 70 және одан жоғары жиынтықты балл жинаған ауылдық елді мекендер ғана «даму әлеуеті жоғары» санатына кірді.

— Ауылдық елді мекендер санының ең көп қысқаруы Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Алматы облысында тіркелді. 2015 жылға дейін жабылған барлық АЕМ-нің 60,3%-ы немесе 342-сі солардың еншісіне түсті. Үкімет 2009-2014 жылдары елдегі барлық ауылдық елді мекендерді топтастырып, жіктеп шықты. Сол классификация бойынша, 2014 жылы АЕМ-дердің небәрі 35%-ы немесе 2 470-і ғана даму әлеуеті жоғары топқа кіре алды. Басым көпшілігі — 63,3%-ы немесе 4 493-і даму әлеуеті орташа деп танылды. Салыстырар болсақ, 2009 жылы осы орташа ауылдар саны бұдан 21% көп еді: үлесі 73,9%-ға немесе 5 664 АЕМ-ге жететін, — дейді экономист-ғалым.

Масқара болғанда, үкіметтік «ревизорлар» 2009 жылғы тексеріс барысында 158 ауылда, ал 2014 жылы 27 ауылда бірде-бір тұрғынды таба алмапты. Яғни, қағазда ауыл тұр, тиісті қаржы да бөлініп келген, шынында онда бірде-бір жан тұрмайтын болып шыққан. Мұның бәрін сол кездегі үкіметтерді басқарғандардың біліксіздігіне, солақай саясатына жатқыза салуға болар еді. Алайда халқы ауа көшіп, адыра қалған ауыл саны содан бері көбеймесе, тіпті де азаймады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда

Ол Президенттің бастамасымен әзірленген, 2023-2027 жылдарға арналған «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасына бюджеттен небәрі 1,5 млрд теңге бөлінгенін еске салды. Сенатордың дерегіне, 2025-2027 жылдары инвестициялық жобалар аясында 3 039 елді мекен мен 5 650 мемлекеттік мекемені жоғары жылдамдықты интернетпен қамту жоспарланыпты. Алайда оған тиісті қаржы сол күйі бөлінбеген.

Сенатор С.Арубаевтың пікірінше, енді интернетсіз өмірді елестету қиын. Онсыз Қазақстанның өзге өңірлерімен және әлем-

кертүінше, Қазақстанда жыл өткен сайын өңірлік диспропорция өршіп барады, көші-қон күш алған жағдайда, әсіресе Ресеймен және Қытаймен шекаралас аудандар босап калуда.

Мәжіліс депутаттары «бос жатқан жердің жау шақыратынын» қаперге салып, талай депутаттық сауал жолдады. Оларға Үкіметтен келген жауаптарды қарағанымызда, бәрінің бірдей екенін, сырғытпа сөзге толтырылғанын байқадық. Үкімет басшысы мен орынбасарлары мұндай жанаңқай дабылдарға жайбарақат жауап беріп, «Ауыл аманаты» сияқты бағдарламалар мен ұлттық жобалардың жүзеге асырылғанына, ауыл тұрғындарына өз ісін ашуы үшін арзандатылған кредит берілетініне, ауылға қоныс аударатын мамандарға қолдау көрсетілетініне екпін түсіреді де, ары қарайғы беттерді статистикамен толтырады. Ұлтқа қауіпті үрейлі құбылысты тоқтатар жаңа идеялар, тың жобалар, те-

дарлама қажет. Онда тегін баспанаға, шұрайлы да өнімді жерлерге, қаржылық ресурстарға, құрылыс материалдарына, біліктілікті арттыру мүмкіндіктеріне еркін қол жеткізу және басқасы қамтылғаны абзал.

Бағдарлама аясында сондай-ақ шаруашылық қызметке қолайлы орта түзу үшін халықтың нақты бір аймақтарда немесе елді мекендерде шоғырлануына қозғау салынғаны (стимул) жөн. Мысалы, АҚШ-та Аляска және басқа да бірнеше шекаралық штатқа көшіп барған адамдар мен кәсіпкерлер салмақты салықтық жеңілдіктерге ие болады, мемлекеттен қомақты қаржылай әрі тегін көмектер алады. Салыстырсақ, Қазақстанда ол көмек бюджеттік кредит түрінде ғана беріледі және несие мөлшерлемесі 100 есеге, бұрынғы 0,01%-дан 2025 жылғы қыркүйекте 1%-ға дейін қымбаттады.

Бесіншіден, Президенттің өзі Қазақстан халқына бағыттаған Жолдауын тұтас цифрландыруға арнап отырса, онда Қазақстан да тұтасымен интернетпен қамтылғаны жөн. Осыған орай жуырда бір топ сенатор Үкімет басшысына жүгініп, одан ведомствоаралық комиссия құруды және әрбір ауылдағы байланыс сапасы мен интернеттің қолжетімділігіне аудит жүргізуді сұраған еді. Бұл құжат жүзінде ғана ғаламторға қосылған ауылдарды анықтауға және проблема ауқымын нақты айқындауға мүмкіндік береді.

Алайда Үкімет басшысы өз жауабында жеке ВАК болмайтынын хабарлады. Оның айтуынша, «ақ дақтарды» әшкерелеу, ұялы байланыс сапасы мен интернеттің қолжетімділігін тексеру үшін мүдделі мемлекеттік органдар мен байланыс операторлары онсыз да бірлесе қимылдайды.

— Мемлекеттік радиожилік қызметіне — бекітілген тұрақты шығу жоспар-кестесіне сәйкес, байланыс сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүргізу өкілеттігі берілген. 2025 жылға жабын сапасын тексеру және проблемалық аймақтарды анықтау үшін аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендер бойынша 385 шығу жоспарланған. Көшпелі іс-шаралардың қорытындысында 2025 жылғы I тоқсанда — 5 «ақ дақ», II тоқсанда — 46-сы анықталды. Сапасының төмендігі және проблемалық аймақтарының болуы анықталса, оны жою жөнінде нақты шара қабылдау үшін ұялы байланыс операторлары хабардар етіледі, — деді Премьер-министр Олжас Бектенов.

Ұлттық статистика бюросы 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елдегі 20,4 млн халықтың тең жартысы немесе 10 млн 101,2 мыңы тек қана онтүстікте шоғырланғанына, бұл процесті ары қарай үдегеніне назар аудартты.

Сөйтіп, қалған 8 миллиондай ғана адам елдің қалған орталық, солтүстік, шығыс пен батыс өңірлерінде бытырай, тарыдай шағыла орналасқаны айқындалады. Қазақстан территориясының онтүстігі мен орталығынан басқасының халқы сиреп, «жалаңаштануы» шынымен де ұлттық қауіпсіздікке қатер болса керек. Бірақ бұл сын-тегеурінді Үкіметтің қалай еңсеретіні түсініксіз, проблеманы жоюға бағытталған сұрапыл тиімді әрі пәрменді қимылы байқалмайды. Ұлт жанашырларын шырылдатып жүргені де осы болса керек.

ҚАЛҒАН

ауылдар

6 179 ауылдық елді мекен болыпты. 2025 жылғы 1 шілдеде содан 6 124-і қалды (оның ішінде 2 159-ы — ауылдық округтер). Тиісінше, небәрі 8 айда 55 ауыл жойылды. Мұндай қарқынмен 73 жылдан кейін, ғасыр соңында Қазақстанда бірде-бір ауыл қалмауы мүмкін. Қалай болғанда, 2015 жылдан — 969, ал 2009 жылдан бері 1 536 ауыл ел картасынан түпкілікті жоғалды.


Сарапшылардың пайымдауынша, ауылдардың жабылуына ең алдымен олардың «интер-

мен араласа алмайсың, жаңа білім мен ақпараттан құр қаласың. Жұмыс та, ойын-сауық та, электронды сауда-саттық та сонда.

— Интернеттің жоқтығы не жылдамдығының нашарлығы ауыл оқушысының цифрлық білім платформаларына, онлайн-курстарға, олимпиадаларға қолы жетпей, қалалық құрбы-құрдас-

геурінді қимыл-қарым жоқтың қасы.

Сарапшылар мен депутаттар, біріншіден, ауылдар, әсіресе шекара маңы аймақтары бос қалмауы үшін қала қалыптастыратын ірі зауыт-кәсіпорындарды сол жақта салуға ынталандыруды ұсынады. Осы мақсатта онда арнайы экономикалық аймақтар ашып, салықтан босату қажет.



Елшір ҚАБА (сол жақ)

неттендірілмеуі» ықпал етеді. Биыл тұтас Жолдауын ЖИ мен цифрландыруға арнаған Президент Қ.Тоқаев та қазіргі заманда осы технологияларды игерген кейбір елдер теңдессіз табысқа жетіп, кейбір мемлекеттер керісінше, экономикалық дамуда артта қалып жатқанын мәлімдеді. Қазақстан ше?

— Халқымыздың 7 миллионы ауылда тұрып жатыр. Бүгінде интернетсіз және цифрландырусыз күнің жоқ. Алайда 6,1 мың ауылдың тек 2 045-і 4G-мен қамтылған. Бұл — бар-жоғы 33%! Тағы 45%-ы немесе 2 813-і жылдамдығы мимырт, көп нәрсеге жарамайтын әрі сапасыз 3G-ге күні қараған. Үкімет статистикада тіпті әбден көнерген 2G-ді есепке алады! 1 049 ауылда мүлдем интернет жоқ. Кенжолакты ғаламторды қосуға мүмкіндік беретін оптикалық-талшықты байланыс желісі әлі күнге 3 610 ауылға (58,4%-ы) тартылмаған, — дейді сенатор Сәкен Арубаев.

тарынан қатты кенжелеп қалуына соқтырды. Денсаулық сақтауда ауыл дәрігері «Дамумед» және өзге ақпараттық жүйелерге қосылмаған. Қандай симптом, ауру кезінде қандай ем тағайындау керектігін хаттамадан қарай алмайды. Сырқаттың диагнозын, емделу тарихын, бұрын тағайындалған дәрі-дәрмегін білмейді. Ауыл адамы бизнес-кәсібін тіркетіп, жүргізу, Е-Salyq-та салық төлеу, eGov-тан мемлекеттік қызметтер алу, депозит ашу, электронды анықтамалар алу және басқасының бәрінен жүрдай, — деді сенатор.

Содан интернетке қосылмаған ауылда отырып, XXI ғасырдың бүкіл игілігінен шет қалғанын түсінген тұрғындар ірі ауылға не қалаға көшіп кетіп жатыр. Мұның сыртында ауылдарда өндіріс орындарының ашылмауы, жұмыстың жоқтығы да депрессивті ауылдың шектен тыс көбеюіне себепкер. Соның салдарынан, сарапшылардың ес-

Екіншіден, қалада тұратын Қазақстан азаматтарын ауылға елдіктіру үшін алыс ауылдардағы жерлерді — «тегін гектар» түрінде таратуға болады.

Үшіншіден, жаңа ауылдардың ашылуы әкім рейтингіне енгізілуі керек. Бұл КРІ бірінші деңгейде облыстардың әкімдері үшін бекітілуі, одан әрі өңірдің функционалдық бағыты мен даму басымдықтарын ескере отырып, осы көрсеткіштерді төмен тұрған деңгейге декомпозиалау жүргізілуі қажет. Егер қандай да бір әкім бұрын жабылып тынған ауылдың қайта түлеуіне немесе айталық, қиянда бос жатқан шалғайдағы жайылымдардың (отгонные пастбища) игерілуі арқасында жаңа елді мекеннің пайда болуына қол жеткізсе, оған сыйақы берген, орден-медальмен марапаттаған артық болмас.

Төртіншіден, дамыған елдер үлгісінде Қазақстанға халықты қоныстандыру мен орналастыру бойынша жеке стратегиялық бағ-

ӨЗЕКТІ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Суицид – адамзаттың ең ауыр әрі үнсіз қасіреттерінің бірі. Кез келген ажал құшқан азамат толықтай бір қоғамның руханиятына дерт болып жабысады. Өкінішке қарай, елімізде өз-өзіне қол жұмсау статистикасы жаға ұстатып отыр. Ресми мәліметтерге қарағанда, мұндай оқиғалардың небәрі 5-6 пайызы ғана Қылмыстық кодекстің «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша тергеледі екен. Ал қалғаны жабулы қазан күйінде қалады.

А Әсет ҚАЛИ

Өзіне-өзі қол жұмсау оқиғаларының тек 5-6%-ында ғана қайғылы оқиға. Қылмыстық кодекстің «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша қылмыстық істер аясында тергеуге негіз болады. Айта кетейік, суицид жағдайлары ұғымына өз-өзіне қол салу да, сол сияқты суицид жасауға окталу ретінде тіркелген жағдайлар да кіреді. Осыған ұқсас оқиғалардың аз ғана бөлігі сотқа дейін жетеді. Мұндай жағдай бірнеше жылдан бері жылдан-жылға қайталанып келеді.

Бір жыл ішінде іс жүзінде әлдеқайда көп қылмыстық іс қозғалғанын, бірақ кейбір жағдайларда тергеу әртүрлі себеппен тоқтатылғанын (күдік расталмаған, жәбірленушінің туыстарынан арыздар түспеген және т. б.) атап өткен маңызды. Мұны 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларындағы статистикадан байқауға болады. Бес ай ішінде «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша 655 қылмыстық іс тіркелген, бұл былтырғы жылдың жалпы санынан айтарлықтай көп. Ал суицидтердің жалпы санындағы қылмыстық істердің үлесі айтарлықтай жоғары болып шықты – 21%. Бұл әрбір бесінші адамның өз-өзіне қол жұмсауы заң жүзінде қаралады дегенді білдіреді. Алайда қарау барысында істердің басым бөлігі қысқартылады немесе ҚР ҚК-нің басқа баптары бойынша қайта сараланады, ал «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша тек барлық суицидтік актілердің 6%-ы ғана қалады. 2024 жылы осындай қылмыстық істердің тек 17-і сотқа жетсе, биылғы жылдың алғашқы бес айында бар болғаны үш іс қозғалған.

Парламент Мәжілісінің депутаты Гүлдіара Нұрымова суицид тақырыбы

Қасірет ҚУШҚАН ҚОҒАМ



қоғам үшін өзекті мәселе екенін алға тартып отыр. Оның сөзінше, мұндай іс-әрекеттерге психологиялық ауытқуы бар адамдар көп барады.

– Қазақстан Конституциясына сәйкес әр адам өмір сүруге құқылы. Өмір – мемлекет қорғайтын ең қымбат құндылық. Бірақ, өкінішке қарай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, әлемде әрбір 45 секунд сайын бір адам өз-өзіне қол жұмсайды. Бұл – өте қорқынышты көрсеткіш. Қазақстанда да суицид мәселесі қоғам үшін, әсіресе жастар арасында, өзекті проблема болып отыр. Үкімет бұл жағдайды елдің әлеуметтік, экономикалық және психологиялық ахуалының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырады.

Бұл сандар көңіл қуантарлық емес. Себебі әрбір статистиканың артында бір адамның өмірі, бір отбасының қайғысы жатыр. Сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алу – тек заңмен емес, қоғамның, отбасының және әрбір адамның ортақ міндеті, – дейді Гүлдіара Нұрымова.

Мамандардың сөзіне сенетін болсақ, өз-өзіне қол жұмсаған әр төрт адамның біреуі психикалық аурумен ауырады. Көбіне психоз, шизофрения немесе мания-

кальды-депрессиялық бұзылысы бар адамдар осындай қадамға барады. Әсіресе, психикалық сырқаттың өршуі немесе басылу кезеңінде суицид қаупі жоғары болады. Өкінішке қарай, өз-өзіне қол жұмсау фактілерінің тек 5-6 пайызы ғана «Суицидке дейін жеткізу» бабымен тергеледі. Көп жағдайда мұндай істер сотқа дейін жетпей қалады. Себебі кейбір отбасы мүшелері бұл туралы айтуға ұялады немесе діни себептермен жасырады.

СУИЦИД ТАҚЫРЫБЫ ҚАЛАЙ ЗЕРТТЕЛДІ?

Жалпы, суицид мәселесін зерттеу француз ғалымы Эмиль Дюркеймнің Le Suicide (1897) еңбегінде көрініс табады. Әлеуметтанушы Темірлан Төлеудің сөзінше, дәл осы еңбек суицидті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырған алғашқы ғылыми-зерттеу болып саналады. Дюркейм өз еңбегінде адамның өз-өзіне қол жұмсауын тек психологиялық емес, әлеуметтік себептермен де байланыстырады. Оның айтуынша, қоғамдағы суицид деңгейі адамдардың бір-бірімен байланысына, яғни әлеуметтік интеграция деңгейіне тікелей әсер етеді. Егер бұл байланыс әлсіресе, адам жалғыздықты жиі сезініп, өмірден түңілуі мүмкін.

– Дюркейм атап өткендей, қалалық ортада суицид көрсеткіші ауылдық жерлерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Себебі қала өмірінде адамдар арасындағы байланыс әлсірейді, индивидуализм күшейеді. Мұндай жағдайда адам өзін қоғамнан оқшау сезінеді, айналасындағылармен эмоционалды байланысы жоғалады. Ғалым бұл құбылысты «әлеуметтік интеграция» және «аномия» ұғымдары арқылы түсіндіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, аномия – қоғамдағы ережелер мен нормалардың әлсіреуі немесе жойылуы. Мұндай жағдайда адамдар өмірлік бағытынан айырылады, ал бұл өз кезегінде өз-өзіне қол жұмсау қаупін арттырады, – дейді әлеуметтанушы.

P.S.

Өмір – бізге берілген ең қымбат сый. Адам кейде ауыр сөзден, салқындықтан өмірден түңіліп кетуі мүмкін. Бірақ дәл сол сәтте бір жылы сөз, бір шынайы қолдау оның өмірін өзгертіп, үміт отын қайта жаға алады. Бір қоғамда өмір сүргеннен кейін жылы сөзден мақұрым қалмайық.

АРСЫЗ ІСКЕ ИТЕРМЕЛЕУ – АУЫР ҚЫЛМЫС

Елімізде болып жатқан суицидтік жағдайлардың 60,7%-ында себеп анықталмаған. Бұл туралы айта келе адвокат Эльнура Кишкенбаева адамды себепсіз өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу ауыр қылмыс болып саналатынын тілге тиек етті.

– Мұндай істерде басты назар дәлелдемелерге аударылады. Олар – жәбірленушінің жеке жазбалары, куәгерлердің айғақтары, хат-хабарлар, аудио немесе бейнематериалдар және психологиялық сараптама қорытындысы. Тек осы деректер арқылы адамның ерік-жігеріне жүйелі түрде әсер етілгенін дәлелдеуге мүмкіндік бар.

Қазір қоғамда жиі айтылатын, бірақ дәлелдеуі ең қиын мәселелердің бірі – психологиялық зорлық пен моральдық қысым. Мұндай зорлықтың ерекшелігі – ол адамды ұрып-соқпайды, оның ішкі жан дүниесіне, эмоциялық күйіне әсер етеді. Қорқыту, кемсіту, манипуляция жасау сияқты әрекеттердің нақты материалдық айғағы бола бермейді. Сондықтан мұндай істің көбі тергеу сатысынан әрі аспай қалады.

Сондықтан адамды суицидке итермелеу фактілерін тергеу үшін жоғары кәсіби деңгейде сараптама жүргізу, цифрлық және психологиялық дәлелдердің сапасын арттыру қажет. Себебі әрбір осындай істің артында бір адамның өмірі, бір отбасының тағдыры тұр, – дейді Эльнура Кишкенбаева.

СУИЦИДКЕ ЖИІ БАРАТЫНДАР – ЕР АДАМДАР

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу құрбандары көбіне ер адамдар. Finprom.kz сайтының дерегінше, биылғы жылдың алғашқы бес айындағы статистика бойынша зардап шеккендердің 71,5%-ы немесе 377 адам – ер адамдар. Ең жиі кездесетін жас санаты – 30 мен 49 жас аралығындағы орта жастағы адамдар. Олардың жиынтық үлесі 40,8%-ды құрайды. Осы статистикадағы 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің үлесі 10,4% немесе 55 адамды құрайды.

Бұл жағдайдың басты себебін әлеуметтанушы Темірлан Төлеу экономикалық факторға телді.

– Көптеген қоғамда, соның ішінде Қазақстанда да, ер адамдардан «жер тірегі болу», материалдық және моральдық жауапкершілікті көтеру керек деген көзқарас қалыптасқан. Бұл қысым психологиялық тұрғыда ауыр тиеді. Оның үстіне, ерлерге «жылама», «әлсіз болма» деген нормалар жиі сіңіріледі. Соның салдарынан олар психологиялық көмек сұрауға сирек барады. Менің ойымша, ең бастысы – экономикалық фактор. 30-49 жас аралығы еңбекке қабілетті, отбасылы, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары кезең. Жұмыссыздық, қарыз, кәсіби күйзеліс сияқты факторлар осы топқа қатты әсер етеді. Осы және басқа да факторлардың әсерінен ер адамдардың арасында өзін-өзі қол жұмсау жоғары, – дейді әлеуметтанушы.


Жалпы алғанда, Қазақстанда соңғы бірнеше жыл ішінде суицидтердің саны бір деңгейде қалып отыр. Осы жылдың алғашқы бес айында Қазақстанда 1,4 мың өз-өзіне қол жұмсау әрекеті тіркелді. 69,8% жағдайда мұндай шарасыз қадамға ер адамдар барған. Кәмелет жасына толмаған 89 бала қаза тапты. Сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің 195 жағдайы тіркелді.

«Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер саны (адам)



2019–2021 жылдардағы деректер құрбандар мен жәбірленушілерді, 2022–2025 жылдардағы деректер тек құрбандарды қамтиды.

Жас санаттары бойынша. Қаңтар–мамыр 2025 (адам)



ҚР ҚЖАЕК деректері негізінде

Finprom.kz

АЙМАҚ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

РЕНОВАЦИЯ: ЕСКІ ҮЙЛЕРДІҢ «ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ»

Атырауда апатты тұрғын үйлерді көшіру жұмыстары жалғасуда. Қалада апатты жағдайдағы және тозығы жеткен көппәтерлі тұрғын үйлерді жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. 2023-2025 жылдар аралығында реновация бағдарламасы арқылы Атырауда барлығы 12 апатты көппәтерлі үйдің тұрғындары жаңа баспаналарға көшірілді. Қала әкімдігінің мәліметінше, қазір 93 апатты және тозығы жеткен көппәтерлі тұрғын үй ресми түрде тіркелген.

100-ГЕ ЖУЫҚ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Мұндай үйлерді бұзып, тұрғындарын көшіру процесі жаңа тұрғын үйлердің салынуына байланысты жүргізіледі. Осы мақсатта 2023 жылдан бастап жергілікті бюджет есебінен жаңа тұрғын үй кешендерінен пәтерлер сатып алу арқылы апатты үйлердің тұрғындарын көшіру жұмыстары қолға алынды. 2023-2025 жылдар аралығында барлығы 12 апатты көппәтерлі үйдің тұрғындары жаңа баспаналарға көшірілді. Мәселен, 2023 жылы Стаханов көшесі №3а мекенжайындағы (8 отбасы) және Азаттық даңғылы 76



ғарыда аталған «Ақмаржан» тұрғын үй кешенінен берілді. Екі және үш бөлмелі пәтерлер барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Атырау қаласының әкімі Шәкір Кейкин тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту әкімдіктің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар жыл соңына дейін апатты үйлерде тұратын тағы 70 отбасы кезең-кезеңімен жаңа баспаналарға көшірілетінін жеткізді. Осылайша, Атырауда жыл басынан бері 100-ге жуық отбасы жаңа пәтерге қоныстанды.

ҚОНЫС ИЕЛЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

Реновация арқылы элиталық тұрғын үйге қол жеткізгендердің бірі — зейнет жасындағы Жұбандық Бижанов. Ол Атырау қала-

сының өкілдері уелі тұрғындардың ауызша келісімін алған. Тұрғындарға ескі үйде қанша бөлме болса, сонша берілетін болып шешіледі. Ал қосымша ақы төлеймін деушілер болса, тағы бір бөлме қосылады екен.

Үйдің ауласы да кең. Онда балалар ойнайтын алаң, демалыс орны, жасыл желек жайқалған бақ — бірі қарастырылған. Қысқасы, инвестор тұрғындарға берген уәдесін орындап, көңілінен шықты. Енді олар Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының тура жанындағы AYAGOZ RESIDENCE деп аталатын элиталық үйде тұрады.

КЕЙ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫ БӨЛЕК

Апатты үйлерді көшіру барысында кездесетін негізгі мәселелердің бірі — тұрғындардың жаңа пәтерлерден толықтай немесе ішінара бас тартуы. Көп жағдайда тұрғындар өз аудандарында қалуды қалап, жаңа ұсынылған пәтерлердің орналасқан жеріне көңілі толмай жатады екен. Бұны Атырау қалалық әкімдігінің баспасөз хатшысы Ғасырбек Төлеген айтып отыр.

Алайда бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 қаулысына сәйкес, 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасында көрсетілген талаптар басшылыққа алынады. Аталған құжатқа сәйкес, реновацияға жататын тұрғын үйлердің иелеріне ауданы шамалас, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес жаңа тұрғын үй ұсынылуы, ал тұрғын емес үй-жайлардың иелеріне өтемақы төленуге тиіс.

Әйтсе де, инвесторлармен әріптестік бар. Қаланың тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасы аясында жеке инвесторлардың қатысуымен апатты үйлердің орнына жаңа көппәтерлі тұрғын үйлер салу көзделген. Бұл жұмыс инвесторлар мен апатты үйлердің меншік иелері арасында жасалатын екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, Атырау қаласында апатты және тозығы жеткен тұрғын үй мәселесін шешу — стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі. Бұл бағытта мемлекет пен жеке сектордың тиімді әріптестігі негізінде жүйелі жұмыстар жалғасын таба бермек.



БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен кездескенде «Қытай – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Ортақ ірі жобаларымыз жүзеге асырылып жатыр», – деп айтқан болатын.

Осыған орай Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Батыс Қазақстан облысында қытай кәсіпкерлерімен бірлесіп 14 инвестициялық жобаны жүзеге асыру қолға алынды. Көрші елдің инвесторлары энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау сияқты бірқатар маңызды салаға жалпы құны 134 миллиард теңгеден астам қаржы салуға ниетті. Бұл бағытта екіжақты нақты келісім бар. Енді санаулы күндерден кейін екі зауыттың құрылысы басталады. Оған қажетті құрал-жабдық тиелген контейнерлердің алғашқы легі Қытайдың Вэйфан қаласынан елімізге қарай жөнелтілді.

Алдымен индустриалды аймақта қуаты 34 мегаватт болатын газ электр стансасы салынады. Бұл жоба кейінгі өндіріс орындарын тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар мұнай катализаторларын қайта өңдеу зауытының құрылысы басталады.

Зауытқа қажетті қондырғы Қазақстанға жөнелтілді. Алғашқы жүкті тиеу рәсіміне Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев бастаған делегация арнайы қатысты.

«Мемлекет басшысы атап өткендей, біз шикізатқа тәуелді болмай, өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын, өндірісті дамытуға ерекше мән беріп отырмыз. Бұл жобалар өңір экономикасының дамуына елеулі серпін береді», — деді Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев.

Облыста жоспарланған 14 жобаның бәрін бір консорциум атқарады. Құрамындағы бір-

неше компания энергетика саласын ғана емес, агротехника, мұнай, құрылыс, денсаулық сақтау салаларын да инвестициялайды. Жұмысшы топ Шандун провинциясындағы кешенді аралап тың технологиямен танысты.

Қытайлық VEGA Power компаниясының бас директоры Гэ Цзянь жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, алғашқы кезеңде 30 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынатынын атап өтті. Сонымен қатар бүгінде алғашқы бес контейнер жөнелтілгенін және жоба толық жүзеге асқанда 10-нан астам өнім түрі шығарылатынын хабарлады.

Облыс әкімі инвесторлармен кездесу барысында нақты талаптарды да атады, олар: компаниялар өнімде тіркеліп, салық түсімі жергілікті бюджетке бағытталуға тиіс; жергілікті кадрлар жұмысқа орналастырылады; болашақ мамандарды оқыту инвесторлардың қаражаты есебінен жүргізілуге тиіс.

Сонымен қатар өңір Қытаймен медицина саласы бойынша байланысты нығайтады. Осы мақсатта делегация iKang Guobin Checkup Center емханасына барып, Қытайдың денсаулық сақтау жүйесіндегі заманауи әдістермен және медициналық қызмет көрсетудің инновациялық үлгілерімен танысты.

Айта кету керек, биыл алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, Батыс Қазақстан облысы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі бойынша республикада 3-орында тұр.



мекенжайындағы (9 отбасы) үйлердің тұрғындарына жаңа пәтер кілті табысталды.

Ал 2024 жылы көшіру ауқымы кеңейіп, Стаханов көшесіндегі 8 отбасы, Байжігітов көшесіндегі — 8, Бейбітшілік даңғылындағы — 32, Қожақаев көшесіндегі — 48, Дружба көшесіндегі — 16, Достық көшесіндегі — 10, Ондасынов көшесіндегі 8 шаңырақ жаңа үйлерге көшірілді.

«2024 жылы бұл мақсатта Нұрсая ықшамауданындағы «Ақмаржан» тұрғын үй кешенінен 70 пәтер сатып алынды. Бұл пәтерлерге Қарымсаков көшесі 4, Қожақаев көшесі 5 және 9, Азаттық даңғылы 130 мекенжайларында орналасқан үйлердің тұрғындарын көшіру жоспарланған. Қазір қажетті құжаттар рәсімделіп жатыр», — деп мәлімдеді Атырау қаласының әкімдігі.

Айталық, жақында Атырауда қала күні қарсаңында апатты үй тұрғындарына жаңа пәтер кілті табысталды. Жаңа пәтерлер жо-

сындағы құлауға шақ тұрған Абай көшесіндегі 28, 30, 34 үйлердің тұрғындарының бірі болған.

«Біз бұл күнді көп күттік. Себебі сонау 50-60-жылдары салынған үйде біраз тұрдық. Жалғыз арманымыз — жаңа үйге көшу болатын. Ақыры арманымыз алдамай, жасымыз 60-тан асқанда ойдағыдай баспанаға да қол жеткіздік. Оның үстіне, жаңа қонысымыз бұрынғы үйімізден небәрі 30 метр жерде. Бұған жете алмай, өмірден өтіп кеткен көршілеріміз қаншама?!» — дейді ол.

Жұбандық осы кезге дейін екі бөлмелі ескі пәтерде тұрыпты. Бірақ онда маза бермеген түрлі жндікті қанша ұласа да, қайран болмаған. Тіпті, талай рет жөндеу жұмыстарын жүргізгенмен, ескінің аты ескі екен, ештеңе де өзгермепті. Қала кімдігінің қызметкерлері үйді апатты деп танығанымен, бұзуды қосымша қаражат табылғанша кейінге шегерген. Құрылыс компания-



ТЫНЫС

ӨҢІРДІҢ БІЛІМ САЛАСЫ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

Елімізде білім беру инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл – Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы. Мұндай стратегиялық бағыттың басты міндеті әлеуметтік-экономикалық даму мен адами капиталдың сапасын арттыру.

Осыған сәйкес Алматы облысы бойынша «Келешек мектептері» жобасы аясында барлығы 26 жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде, 2024 жылы 9 мектеп пайдалануға берілген, 2025 жылы 8 мектептің құрылысы аяқталып, қалған 9 мектептің құрылысы жыл соңына дейін толық қолданысқа жеткізілмек деп жоспарлануда.

Жалпы, 2025 жылы қолданысқа берілетін 17 мектепке 14 155 оқушы қабылданады. Ал оларды оқыту үшін 1 984 педагог жұмысқа тартылады, оның ішінде 948-і ауысу тәртібімен, 1 036-сы конкурс арқылы қабылдан-

бақ. Бұл шара педагог кадрларын жаңғыртып, өңірдегі еңбек нарығына оң әсер етпек.

Жаңа форматтағы мектептер барлық заманауи талаптарға сай салынуда. Әр мектепте STEM-зертханалар, робототехника кабинеттері, цифрлық технологияларға арналған сыныптар, шығармашылық және спорт залдары бар. Сонымен қатар мектептер бейнебақылау, қауіпсіз кіру жүйелері және экологиялық тиімді жылу жүйелерімен жабдықталған. Соның бірі – Түймебаев ауылындағы 900 орындық мектеп. Ол – аймақтағы үлгілі нысандардың бірі. Мұнда оқушылардың ғылы-

ми, шығармашылық және инженерлік қабілеттерін дамытуға арналған толық жағдай жасалған.

Сондай-ақ Алатау ауданындағы №7 мектеп те заманауи технологияларды меңгеруге бағытталған цифрлық білім орталығына айналды. Ал Еңбекші-қазақ ауданындағы Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп – ұлттық құндылықтар мен заманауи білімді ұштастыратын оқу орны. Мектеп директорларының айтуынша, жаңа білім ордалары ауыл балалары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Жергілікті педагогтер болса жаңа мектептер ашылғалы бері балалардың сабаққа қызығушылығы артқаны қуантатынын жеткізді. Мұғалімдер де жаңа әдістемелерді қолдануға ынтыла. Ең бастысы, ата-аналар мен қоғам тарапынан зор қолдау бар.

«Келешек мектептері – бұл жай ғана ғимарат емес, болашақ-



қа салынған инвестиция. Әр баланың қауіпсіз әрі заманауи ортада білім алуына жағдай жасау – біздің басты міндетіміз. Білім – ұлттың іргетасы, ал жаңа мектептер – сол іргетасты бекітетін тірек», – деді Алматы облысы білім басқармасының басшысы.

Алматы облысында 2026 жылға дейін тағы бірнеше жаңа мектептің құрылысы жоспарлан-

ған. Сонымен қатар педагогикалық кадрларды даярлау, цифрландыру және инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары бойынша да жүйелі жұмыс жалғасуда. Болашақта «Келешек мектептері» жобасы ауылдық және қалалық мектептердің сапасын тенестіруге, оқушылардың білім алу мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

БӘРЕКЕЛДІ!

Астанада алғаш рет Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ФАО Нидерланд Корольдігі елшілігінің қолдауымен Алма фестивалі ұйымдастырылды. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) 80 жылдығы мен Дүниежүзілік азық-түлік күніне орай өткен жиынға дипломатиялық корпус өкілдері, фермерлер, аграрлық сектор сарапшылары және студенттер қатысты.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

АСТАНАДА АЛМА ДУМАНЫ

Фестиваль фермерлердің, жастардың, мамандардың және халықаралық ұйымдардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік беріп, орнықты және инклюзивті агроазық-түлік жүйелерін дамытудағы ынтымақтастық алаңына айналды.

«Алма фестивалі тек алманы дәріптеу мерекесі емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығымыздың терең дәстүрлері мен азық-түлік қауіпсіздігінің маңызын тағы да еске салу. Жастардың ауыл шаруашылығына, инновацияларға және халықаралық ынтымақтастыққа деген қызығушылығының артып келе жатқанын байқаймыз, бұл ауыл шаруашылық саласының болашағына сенім береді», – деді Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы.

Фестивальда Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Апорт: әр алманың жүрегі» атты таныстырылымы болды. Қонақтар апорттың тарихымен және мұрағаттық материалдарымен танысты. «Жастар, агроблогерлер және инновациялар» атты сес-



сияда халықаралық бағдарламалар, тағылымдамалар және ФАО мен серіктестердің, соның ішінде World Food Forum National Youth Chapter және Youth Food Lab бастамаларының цифрлық құралдары талқыланды. ФАО жұмыстарына жастарды



волдық мәнге ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, Іле Алатауы мен Тянь-Шаньның етектері алманың отаны саналады.

«Жыл сайын БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) құрылған күніне орай 16 қазанда әртүрлі шара

ұйымдастырамыз. Биыл алғаш рет Астанада алма фестивалін өкізіп жатырмыз. Бұл аймақ табиғи және мәдени мұраның бірегей орталығы саналады, сондықтан фестивальдың дәл осында өтуі ерекше мәнге ие. ФАО Ауыл шаруашылығы министрлігі және Нидерланд Корольдігінің елшілігімен бірге 80 жылдық мерейтойы мен Дүниежүзілік азық-түлік күнін атап өтуде. Мұндай іс-шаралар тұрақты дамуға бағытталған серіктестікті күшейтіп, жастарды жаңа идеяларға шабыттандырады, сондай-ақ Қазақстанда және одан тыс жерлерде агроазық-түлік саласын нығайтудың жаңа мүмкіндіктерін ашады», – деді ол.

Сонымен қатар фестиваль аясында Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының үздік алма сұрыптары мен өнімдерін ұсынған «Апорт» жәрмеңкесі өтті. Қонақтар «Алмалы шанс» лотереясына қатысып, түрлі сыйлыққа ие болды.



«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Кенжеахметұлы

АРА



11.10.2025ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



БОРДЮР БОЛДЫРЫП БІТТІ

Өтіркүл есігінің алдына шығып таңғалды. Кеше ғана үйіне кіргенде, аула айнадай жарқырап жатқан еді. Қайдан келгені белгісіз, бір топ құрылысшы жау бекетін талқандағандай бордюр біткенді бұзып жатыр. Мына бір тұста алып бір техника гүрілдейді. Ана бір тұста от жарқ-жүрқ етеді. Ауланы шаң басыпты. Жұмысқа шыққандар, мектептеріне, университеттеріне асыққандар тап-таза киімдерінің лезде былғанып қалғанына ренжіп, үстерін жүре қағып, аялдамаларға асығып бара жатты.

Сол күні Өтіркүл жұмысынан кеш қайтқан. Көпқабатты үйінің алды ио-кио. Таңертеңгі шу мен шаңға жылап көрісетіндей көрініс. Шаң-тозаң мен айқай-шу ауланы басына көтеріп тұр. Жолдың бәрі астан-кестең. Өтіркүл аяғын бір қуысқа тығып алудан сақтанып, пәлек аралаған шалдай қойқаң-қойқаң етіп секіріп, үлкен есіктің алдына зорға жетті. Жеткені бар болсын, шаң дәлізге де кіріп кеткен екен. Мұрынын тұмшалап алған ол жедел басқышпен өзінің қабатына зорға көтерілді. Көзі де кілегейленіп қалыпты. Сөмкесінен кілтті алып, есігін әрең ашты.

Пәтерінің де пәршек-піршегі шығыпты. Таңертең ғана тазалап кеткен бөлмелерін шаң қауыпты. Ол әлдекімге кіжініп, киімін ауыстырды да білек сыбанып, үйін тазалауға кірісті. Үйді тазалап болғанша сабағынан балалары да келіп қалды.

— Апа, қарным ашып қалды. Тамағыңыз дайын ба? — деді ұлы еркелеп.

— Қайдағы дайын. Көрмейсің бе, үйді енді ғана тазалап болдым, — деп Өтіркүл баласына жактырмай қарады.

Осы қарбалас ай бойы жалғасты. Құрылысшылар құлақты құртып, киімдерді бүлдіріп, балаларды ай бойы аулаға шығармай тұрғындарды діңкелетіп бітті. Ақыры, жүйкелерді жұлымдап болып, жұмыстарын бітіріп, жайларына кетті.

А.Байтұрсынов атындағы көше тұрғындары талып қала жаздады. Өйткені кеше ғана аулаларына сән беріп тұрған әдемі де берік бордюрлер ұшты-күйлі жоқ. Оның орындарына мыжырайған кескінсіз бірдеңелер қадап кетіпті. Бұрынғылары жауынгерлердей қаз-қатар сап түзеп тұрушы еді. Жаңаларының бірі жантайып жатыр. Аралары алшақ. Бір қарағанда жалмауыздың тісіндей арсиып тұр.

— «Әп-әдемі ән еді, пұшық сорлы қор қылды» деген екен баяғыда біреу. Сол сияқты әп-әдемі аула еді, құрылысшылар келіп қор қылды. Енді кімге барып шағымданамыз? — деді тұрғындардың бірі.

— Осыларға жап-жақсы тұрған бордюрлерді бұз деген кім екен? — деп кіжінді тағы біреуі.

— Мұның атын халтура дейді!

— Жемқорлықтың белгісі бар.

— Бұрынғымызға зар болып қалдық қой.

— Қалалық әкімдікке барып шағымданайық.

— Шағымданғанмен пайда жоқ. Құрылысшыларды жұмсаған сол әкімдіктегілер. Олар — ақша жасаудың шебері. Барды бұзып, тұрғанды талқандап, қарайғанды қиратып, ел көзіне қатырып жатқан сыңай танытып, жонып ақша табады, — деді біреуі.

Өзі бұрын экономист болып жұмыс істеген екен. Жиналғандар оның сөзін қоштап тұрды.

Асфальтты асап, тасты қашап мiрiден сiрi айыратындар көбейген заман. Қисық жолмен қаржы тапқыш қомағайларды қақпанға түсіру де оңай емес. Өйткені шырмауықша оралған жіптің ұшын табу қиынның қиыны.

Бүгінде аулаға шығып ойнаған балалар аяқтарын тесікке немесе бордюр арасындағы қуысқа тығып алып, жаракат алып жүр. Үлкендер де өз үлестерінен құр қалмапты.

Өтіркүл бүгін де жұмысынан кеш қайтты. Бордюрден аттай бере туфлінің өкшесі қуысқа кіріп кеткені. Аяғын әрі ырғады, бері ырғады. Туфлі шықпады. Тартып қалғанда өкшесі үзіліп түсті.

Міне, Өтіркүл жоғары қабаттағы пәтеріне жалаңаяқ көтеріліп келеді. «Бұл жолы өкшемен құтылдым. Келесі жолы ше?» деп тұла бойы шымырлап келеді...

С.ОЛЖАБАЙ

САТИРА СЕРІЛЕРІ АҚТӨБЕДЕ САЙЫСҚА ТҮСТІ



Жазушы-сатирик Үмбетбай Уайдиннің 90 жылдығына арналған X Республикалық «Айтқыштар Ақтөбеде» әзіл-сықақ фестивалі екі күнге созылып, халыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлап, өз мәресіне жетті.

Әзіл мен сатираны серік еткен өнер ұжымдары елдің түкпір-түкпірінен жиналып, сахнада өз шеберліктерін көрсетті. Фестиваль көрермен ықыласына бөленіп қана қоймай, қазақ сатирасының жаңа тынысын айқындады.

Бас жүлде — «Үздік театр (Айтқыштар)»: Алматы қаласынан келген «Бәке, Сәке» әзіл-сықақ театрына бұйырып, 1 000 000 теңге табысталды.

«Үмбетбай Уайдин атындағы жүлде»: Шымкент қалалық әзіл-сықақ және сатира театры (500 000 тг)

«Сейіт Кенжеахметов атындағы жүлде»: «Ара-Атырау» сатира театры (Атырау қаласы, 500 000 тг).

«Көпен Әмірбек атындағы жүлде»: «Бозжыра» әзіл-сықақ театры (Маңғыстау облысы, 300 000 тг).

«Асқар Наймантаев атындағы жүлде»: «Әзілизация» әзіл-сықақ отауы (Қызылорда облысы, 300 000 тг).

«Нұрәулет Ақжігітов атындағы жүлде»: «Көңілашар» әзіл-сықақ театры (Атырау қаласы, 200 000 тг).

«Дархан Дайырбек атындағы жүлде»: «Қожа» әзіл-сықақ театры (Батыс Қазақстан облысы, 200 000 тг).

«Үздік ер адам рөлі»: «Бозжыра» театрының көркемдік жетекшісі Қайырбек Нұров (100 000 тг).

«Үздік әйел адам рөлі»: «Қожа» театрының артисі Данагүл Жұмабаева (100 000 тг).

Фестивальдің әділ әрі әділетті өтуіне қазылар алқасы атсалысты. Қазылар құрамында белгілі сатирик, жазушы, өнер мен қоғам қайраткерлері төрелік етті. Олар: Мұхтар Шерім (төраға), Мариям Алданова, Қаракөз Тілеубекова, Нұрлыбек Жұбатқан, Зәмзәгүл Кенжеахметова, Елтай Кемал, Әлихан Жаксылық.

Айтулы шараға қатысушылар Ақтөбе облысы әкімдігіне, Мәдениет басқармасы мен Облыстық филармония ұжымына, сондай-ақ «Екі езу» сатира театрының шығармашылық құрамына ерекше алғыс білдірді.

«Айтқыштар Ақтөбеде» фестивалі — әзіл мен сатира арқылы қоғамдағы құбылыстарды астарлап жеткізетін, ұлттық өнердің биігін айқындайтын бірегей жоба екенін тағы бір дәлелдеді.

Бас жүлдені Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисова табыстады.




Ауылдың таңғы тыныштығын әйелін ақырға тығып төмпештеп сабап жатқан Тазбай бұзды. Былтыр көктемде қайыған түйесі бошалап кетіпті. Үйінде екі қара інгені бар. Жыл сайын алма-кезек боталайды. Бұл үйдің шұбаты үзілмейді. Түйесінен айырылып қалған Тазбай ашуын қыздай қосылған Тәрбиядан алды. Сабамай қайтеді, ауылда түйе шөгеру машақат кой. Былтыр Сабанбайдың бұрасына қызметі үшін 5 сом беріп әрең дегенде қайытып еді. Таяқ жеп саққа аунаған әйелі ақырдан әрең тұрды. Шөптің қалдықтары денесіне тікендей қадалып тұр. Бір апта бұрын көгерген көзі жазылып қалған еді. Тағы жаңа дақ түсті. Еріндері буаз сиырдың сарпайы құсап дордиып ісіп кетіпті.

— Енді тағы қол көтеретін болсаң, төркіміе тайып тұрамын, — деді өксіп. Бірақ кетпейді. Ауылда байларынан үй біріншілеп таяқ жейтін қатындар көп. «Ажырасып кетіпті» дегенді естімедік. Ашуланып жүріп-ақ алты бала туып тастайды. Тәрбия қайратты. Бір өзі қауға шелекпен құдықтан су тартып екі астауды толтырады. Күшін күйеуіне көрсетпейді. Шаруаға жұмсайды.

— Жан керек болса түйені тауып әкел, — деді Тазбай «салидол» сіңген майлы жұдырығын түйіп. Ашуланып, қораның жанында қыстай үйілген қарабураға қадалып тұрған айырды жұлып алды. Тәрбия шошып кетті. Алды-артына қарамай, інгенше қайқандап тайды. Ол әрі кетсе ауылдың шетін бір айналып келеді. Бошалаған түйе алысқа қашады. Ақыры, Тазбай бір күн жүрсе, үш күн тұратын тракторымен өзі іздеп жолға шықты. Екі тәулік дегенде Тұмалыкөлден тапты. Жетпіс шақырым жер. Қара інген талтайып ботасын емізіп тұр. Әйтеуір, биыл шұбатсыз қалмайтын болды. Сексенге келген шешесі Миізгүл осы ақ ішкеннің арқасында күш-қуаты тасып той-садақадан қалмайды. Ауылға сыйлы әже. Көршінің қойы төлдеп, қозысын алмай қалса, осы кісіге келеді. Қозыны теліп береді. Яғни, қайта туғызады.

Әсіресе, тоқтылар туғанын білмей тұра қашады. Қашаған қойды әжей жерге жатқызып, аяқтарын байлап, аузын сыммен керіп тастайды. Көзіне тұз бүркеді. Бір-екі күннен кейін бауырмал бола қалады. Тіпті, керек десен,



(әзіл әңгіме)

жетім қалған қозыны екінші қойға егіз қылып теліп береді. Ал шалы Қайрақбай еркек төлді тарттырады. Ірі малды пішеді.

Айтпақшы, сол далада туған бота қызық болып өсті. Жүріс-тұрысы біртүрлі. Тайлақ болғанда тіпті қатырды. Өріске айдасаң, ауылдың түйелеріне қосылмайды. Көгалда шыбындап жүрген жылқылармен жайылады. Қанша рет айдап түйелерге апарып қосты. Қайтып барады. Содан Тазбай ауылдың мал дәрігері Қамшыбектен барып ақыл сұрайды.

— Қамеке, тайлағым түйеге қосылмайды. Жылқылармен жайылады.

— Ым, адамдар сияқты малдарда кейде өзінің кім екенін білмейді ғой, — деді ол күліп.

— Рас айтамын, ойын емес, — деп Тазбай ағынан жарылды.

— Шамасы, тайлақ өзін жылқымын деп жүр-ау.

— Қалай?

— Солай.

— Ау, тайлақ жайылғанда табанына қарамай ма?

— Түйенің мойны ұзын аяғын көрмейді, — деді Қамшыбек.

— Енді не істеуім керек?

— Үйінде үлкен айна бар ма?

— Шифонердікі болмаса басқа жок.

— Сол жарайды, айнаны тайлақтың алдына әкеліп өзін көрсет, — деді мал дәрігері. Тазбай тайлақты ұстап алып қораға байлап қойды. Жатын бөлмесіне кірсе, шифонердің алдында Тәрбия көгерген көздеріне қаздың майын жағып отыр екен. Кеше ол Тазбайдың мал соятын пышағын көршісіне беріп жіберіпті. Сол үшін бір-екі «удар» алған еді, Күйеуі айнаны жұлып алды.

— Аманшылық па? — деді әйелі.

— Жүр, қораға...

— Қорада не бар? Енді айнаға қарауға да болмай ма? — деді қорқып. Өйткені күйеуінің ақырға алып ұратынын біледі.

— Тайлақты айнаға көрсетеміз?

— Неге?

— Жаңа мал дәрігер айтты, ол өзінің түйе екенін білмейді екен ғой, — деді. Тәрбия аң-таң болды.

Екеуі қораға барды. Шифонердің айнасын тайлақтың алдына ұстап еді. Тайлақ сұлбасын көріп үркіп кетті. Өтірік расы қайдам, осыдан кейін жылқы малына жоламайтын болыпты дейді.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН,
Ақтөбе қаласы

ТИІСТІ МЕКЕМЕГЕ ЖІБЕРІЛДІ

Мәндірбай қордаланып қалған мәселелерді мәністеп, хаттап-шоттап жоғары жаққа айдап жіберді. Алғашында қазақбайшалап үшбу хатын поштамен арнайы тапсырыспен жіберген еді, «эгов арқылы электронды нұсқада жіберіңіз» деген жауап алды. Оны халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы ғана немесе телефон арқылы да жіберуге болады екен. Мәндірбайда мұндай сауаттылық қайдан болсын, салып ұрып орталыққа келді.

Япырай-ай, қаладағы адамдардың барлығы осында көшіп келген бе, араның ұясындай гүлдеп жатыр. Мәндірбай да кезек алды. Күн тас төбеге тырмысқанда кезегі де келді-ау шаршатып. Компьютер басында отырған қыз әлде келіншек таза қырсық суына малып алған жан екен. Екі сағат айтысып, өзінен кейін кезекте тұрғандармен тартысып жүріп үшбу хатын тиісті министрлікке жолдады әйтеуір.

Ал содан күтсін келіп. Обалы не керек, жауап құстай ұшып жылдам келді. «Сіздің шағымыңыз тиісті мекемеге қарау үшін жіберілді» делініпті жауапта. «Е, бәсе! Еститін құлақ бар екен ғой» деп Мәндірбай қуанып қалды. Бекер қуаныпты. Арада екі күн өткенде телефонына тағы да хабарлама келіп түсті. «Сіздің шағымыңыз тиісті мекемеге қарау үшін жіберілді» депті жауапта. «О, нағыз тиісті мекемеге жіберіліпті ғой» деп хат иесі тағы қуанды. Арада үш күн өткенде бір департаменттен тағы бір жауап зың етіп келе қалды. Япырай, мыналар бірінің ауызына бірі түкіріп қойған ба, сол жауап қой мұнысы да. Тағы екі күн өткенде Мәндірбайдың қолына төртінші жауап түсті. Бесінші жауап та осы мағыналас екен. Алтыншы жауапты алғанда Мәндірбайдың есі ауысып, құлап түсті.

Шықпаған жаннан үміт бар. Мәндірбай есін жиған соң да жоғары жаққа алаңдап, көңіл жұбатарлық жауап келіп қалар ма екен деп жол тосып жүр. Арада жеті ай өткенде тағы бір хабарлама келді. «Сіздің шағымыңыз тиісті мекемеге қарау үшін жіберілді».

Бұл кезде Мәндірбай көке жүрегі май ішкендей көлкіп ауруханада жатыр еді.

Жаса, халық үніне құлақ түретін өкімет!

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫННАТАР ЖАҢЫЛТНАН

Ат жемейтін,
Ащы шөптің
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойнады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұяпа-тұяпа,
Салдыр-салақ,
Бу кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Түп-түзу.
Бу кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Балалның қазақшасын
«Мәуі» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

11 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Баланың қауіпсіздігін ескеру үшін бақылауға арналған гаджеттерді де қарастырған жөн. Бұл – бүгінгі заман талабы. Ата-аналарға қауіпсіздік үшін баланы бақылауға көмектесетін бірқатар құрылғы бар. Ондай гаджеттер баланың орналасқан жерін бақылауға, қоңырау шалуға, SOS дабылын беруге, кейде денсаулығын қадағалауға да мүмкіндік береді.

Жаһандық цифрландыру дәуірінде барлық салаға инновациялық шешімдер, оның ішінде отандық нарыққа белсенді түрде еніп жатыр. Солардың бірі – балаларға қамқорлық жасау биометриялық сервисі АлақанМектеп. Бүгінде бағдарламаның 100 мыңнан аса қолданушысы бар. Өйткені бұл ата-аналар үшін өте тиімді, баласының мектепке кірген, шыққан уақытын қашықтан бақылап, тіпті түскі тамақ ішкеніне дейін хабардар бола алады. Баланың мұндай әрекеттері ата-ана смартфонна хабарлама күйінде жіберіледі. Бұл жүйенің артықшылығы балалардың жеке бас деректері сақталады. Оқушылар тек алақан тамырларын сканерлеу арқылы мектепке кіріп шыға алады. Мұндай әдіс балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, мектептердің заманауи технология талаптарына сай жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Одан бөлек, оқушының ас мәзірінен, қандай тамақ жегенін де көре алады.

Қазіргі заманның қарқыны мен ақпараттық ағынында ата-аналар үшін баласының амандығына көз жеткізу бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Бүгінде технологияның дамуы арқасында бұл мәселені жеңілдететін түрлі ақылды құрылғылар пайда болды.



ҚҰРЫЛҒЫДАҒЫ БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Мәселен, AirTag – таблетка пішіндес шағын құрылғы, Apple компаниясының өнімі. Оны кілтке іліп қоюға немесе баланың аяқ-киімінің ұлтарағына орналастыруға болады. Бұл құрылғы арқылы балаңыздың қай жерде жүргенін үнемі бақылап отыруға мүмкіндік бар. Сондай-ақ осындай функциялары бар қолжетімді қытайлық баламалары да сатылады. Геолокация деректері қасындағы iPhone арқылы алынады. Бұл құрылғы өзіңінен интернетке қосылмайды. Бірақ жақын маңдағы iPhone немесе басқа Apple құрылғысы арқылы Find My (Табу) желісіне қосыла алады. AirTag-тың қосымша

мүмкіндіктері де бар. Ол жоғалған затты табуға көмектеседі, мұндайда құрылғыдан сигнал шығады. Ал GPS-трекердің жұмысы SIM-карта арқылы жүзеге асады: яғни, трекер үздіксіз байланыста болып, нақты геолокацияны сіздің смартфонға немесе арнайы қосымшаға жіберіп отырады. Қазіргі таңда балалардың интернет пен гаджеттерге еркін қол жеткізуі ата-аналар үшін жаңа жауапкершілік жүктеп отыр. Сол себепті көптеген компания ата-аналарға баласының цифрлық кеңістіктегі белсенділігін бақылауға мүмкіндік беретін арнайы қосымшалар әзірлейді. Мұндай бағдар-

ламалар балаларды қашықтан бақылап қана қоймай, интернеттегі әрекетін қадағалауға, экран алдында өткізетін уақытын шектеуге және қажетсіз контенттен қорғауға бағытталған. Мәселен, Google Family Link қосымшасы арқылы баланың экран алдында өткізген уақытын бақылап, жаңа қосымшаларды орнатуға рұқсат беру немесе тыйым салу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар оның орналасқан жерін картадан көруге де болады. Ал Find My (Apple) және Find My Device (Android) қызметтері арқылы баланың нақты орналасқан жерін бақылауға, қажет болған жағдайда құрылғыны қашықтан бұғаттауға мүмкіндік беріледі. Бұл – жоғалтып алу немесе күдікті жағдай орын алған кезде ата-аналарға үлкен көмек.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің де өмірінің ажырамас бөлігіне айналып үлгергені қашан. Алайда онлайн кеңістікте кибербуллинг, алаяқтық және зиянды контент сияқты қауіптер де аз емес. Осындай түрлі қауіптің алдын алуға көмектесетін қосымша бар. Мәселен, Insight – Telegram мессенджерінде жұмыс істейтін арнайы бот. Оның басты мақсаты – баланың интернеттегі белсенділігін бақылап, түрлі онлайн қауіптердің алдын алу. Insight баланың қандай чаттар мен арналарға қосылғанын, қандай тақырыптарға қызығушылық танытып жүргенін талдап, күмәнді немесе қауіпті топтарға кіру әрекетін дер кезінде анықтай алады. Сондай-ақ бот алаяқтардың ықпал ету белгілерін, зиянды контентті және кибербуллинг қаупін таңуға көмектеседі. Бұл – баланың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді құралдарының бірі.

С.БЕГІМБАЙ

ИНКЛЮЗИВТІ ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТЕДІ

12 қазанда Астанадағы «Астана Арена» стадионында UNI Football League жобасы аясындағы командалар арасында алғашқы Инклюзивті футболдан республикалық турнир өтеді. Турнирге аутизм, Даун синдромы, ДЦП және басқа да ерекшеліктері бар 90-ға жуық бала мен жасөспірім, сондай-ақ олардың ата-аналары мен жаттықтырушылары қатысады. Қатысушылар Қазақстанның 10 қаласынан, соның ішінде Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Қарағанды және басқа да өңірлерден келеді.



жаттығуды инклюзия саласында тәжірибесі бар кәсіби жаттықтырушылар өткізеді.

Турнир 5+1 форматында өтеді. Әр матчтың ұзақтығы – 15 минут. Қатысушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, ойында жеңімпаздар анықталмайды – барлық ойыншылар бірдей медальдар мен естелік сыйлықтарға ие болады.

Іс-шара бірегей футболшыларды, олардың ата-аналарын, жаттықтырушыларды, демеушілер мен серіктестерді, БАҚ өкілдері мен блогерлерді біріктіреді. Бұл турнир Қазақстандағы инклюзивті қоғам мен спорттағы теңдікті насихаттауда маңызды оқиға болмақ.

UNI Football League жобасы 2023 жылдан бастап Bolashak Charity қоғамдық қоры, Қазақстан футбол федерациясы және «Freedom Шапағат» корпоративтік қорының серіктестігімен жүзеге асып келеді. Жоба Астана қаласы әкімдігі мен Испания Корольдігінің Қазақстандағы Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылып отыр. Жобаның басты мақсаты – менталдық ерекшелігі бар балалардың спортқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етіп, оларды қоғамға сәтті бейімдеу. Қазіргі уақытта жобаға еліміздің 9 қаласында 100-ден астам бала қатысуда. Футболдан

БАСПАСӨЗ-2026

AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2026 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 -AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	16 910,16 33 820,32	13 622,64 27 245,28
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	9 372,64 18 745,28	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәнін ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Кілемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар –
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ,
Көктем ҚАРҚЫН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Астана есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)